

**Табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигация мен әуежайлардың көрсететін қызметтеріне тарифтерді (бағалар, алымдар мөршерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемелерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 62 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 наурызда № 14932 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 13 ақпандағы № 65 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.02.2020 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес қызметтер сапасын ескере отырып, табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигацияның көрсетілетін қызметтеріне, тарифтерді (бағалар, алымдар мөршерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізуді ескере отырып, тарифтерді (бағалар, алымдар мөршерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі;

3) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес қызметтер сапасын ескере отырып, табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлардың қызметтеріне, тарифтерді (бағалар, алымдар мөршерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі;

4) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес табиғи монополиялар саласына жатқызылған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты бойынша әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағалар, алымдар мөршерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4 Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрі*

*Ж. Қасымбек*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 28 ақпан

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2017 жылғы 1 ақпандағы № 62  
1-қосымша

## **Қызметтер сапасын ескере отырып, табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигацияның көрсетілетін қызметтеріне, тарифтерді (бағалар, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі**

**Ескерту. Әдістеменің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы қызметтер сапасын ескере отырып, табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигацияның көрсетілетін қызметтеріне, тарифтерді (бағалар, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 15-1-бабының 7) тармақшасына, "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 2 шілдедегі қаулысымен ратификацияланған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға сәйкес әзірленді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

2. Осы Әдістеме аэронавигацияның табиғи монополиялар саласына жатқызылған көрсетілетін қызметтеріне қызмет сапасын ескере отырып, тарифтерді есептеу тетігін анықтау үшін арналған.

3. Осы Әдістеме азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган аэронавигациялық көрсетілетін қызметтің қызмет сапасының төмендеуі - аэронавигациялық көрсетілетін қызмет қасиеттерінің белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі және (немесе) аэронавигациялық ұйымының кінәсінен инцидент туындау фактісін анықтаған жағдайда ғана қолданылады.

Әдістемеді мынадай ұғымдармен қысқартулар қолданылады:

1) аэронавигациялық қызмет көрсету - әуе қозғалысына қызмет көрсету, радиотехникалық жабдықты және байланыс құралдарын пайдалану, ұшуды

метеорологиялық және іздестіру-құтқарумен қамтамасыз ету, аэронавигациялық ақпаратты ұсынумен байланысты кешенді қызмет көрсету;

2) аэронавигациялық қызмет көрсету ерекшеліктері - аэронавигациялық қызмет көрсету сапасының құрамдас бөлігі болатын аэронавигациялық қызмет көрсету элементтерінің ерекшеліктері (сипаттары);

3) көрсетілетін қызметтер - аэронавигация саласындағы табиғи монополиялар субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары);

4) сапа - Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (бұдан әрі - ИКАО), мемлекеттік органдар белгілеген талаптарға қатысты аэронавигациялық қызмет көрсету сипаттамаларын жиынтық бағалау;

5) уәкілетті орган - азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган.

Осы Әдістемеді пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

5. Табиғи монополиялар субъектілерінің аэронавигациялық көрсетілетін қызметтер саласындағы көрсетілетін қызметтерінің қызмет сапасын ескере отырып, тарифтердің есептері мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

1) ИКАО белгілеген талаптарға (стандарттарға) қатысты, сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган құзыретіне жататын талаптарға (стандарттарға) қатысты аэронавигациялық қызмет көрсету ерекшеліктерінің сәйкессіздік дәрежесін бағалау;

2) табиғи монополия субъектілері аэронавигациялық көрсетілетін қызметтер саласындағы көрсететін қызметтерінің қызмет сапасын ескере отырып, аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге тариф деңгейінің белгіленген талаптарға (стандарттарға) қатысты аэронавигациялық қызмет көрсету ерекшеліктерінің сәйкессіздік дәрежесіне байланысы;

3) табиғи монополия субъектілерінің аэронавигация қызметі саласындағы көрсететін қызметтерінің қызмет сапасын ескере отырып, аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифті белгіленген талаптарға (стандарттарға) қатысты аэронавигациялық қызмет көрсету ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін көрсетілетін қызмет тұтынушыға қолдану.

6. Табиғи монополиялар субъектілері аэронавигация қызметтері саласында көрсететін қызметтерінің қызмет сапасын төмендету фактілерін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 505 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 31 тамызда № 15597 болып тіркелген) Азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялы оқиғалар мен оқиғаларды тергеп-тексеру қағидаларына сәйкес инциденттер үшін белгілейді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.

## **2-тарау. Табиғи монополиялар субъектілері аэронавигациялық көрсетілетін қызметтер саласында көрсететін қызметтерінің қызмет сапасы төмендеген кезде тарифтерді есептеу**

7. Табиғи монополиялар субъектілері аэронавигациялық көрсетілетін қызмет саласында көрсететін қызметтерінің қызмет сапасы төмендеген жағдайда аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге қолданыстағы тарифте пайда үлесі азайтылады.

8. Табиғи монополиялар субъектілері аэронавигациялық көрсетілетін қызметтер саласында көрсететін қызметтерінің қызмет сапасы төмендеген жағдайда аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтер мынадай формула бойынша анықталады:

$$T_{ki} = T_i - (1 - K) * P_i$$

мұндағы:

$T_{ki}$  - аэронавигация қызметінің сапасын ескере отырып, аэронавигациялық көрсетілетін қызметтің  $i$ -ші түріне тариф;

$T_i$  - аэронавигациялық көрсетілетін қызметінің  $i$ -ші түріне қолданыстағы тариф;

$K$  - уәкілетті орган бекітетін, аэронавигациялық көрсетілетін қызметтің  $i$ -ші түріне қолданыстағы тарифтегі пайданың мөлшеріне азайту коэффициенті;

$P_i$  - уәкілетті орган бекіткен аэронавигациялық көрсетілетін қызметтің  $i$ -ші түріне қолданыстағы тарифтегі пайданың мөлшері.

9. Аэронавигацияның көрсетілетін қызметтерінің  $i$ -ші түріне қолданыстағы тарифтегі пайданың мөлшеріне азайту  $K$  коэффициенті осы Әдістемеге қосымшаның пайда мөлшерін анықтау кестесіне сәйкес анықталады.

## **3-тарау. Қорытынды ережелер**

10. Аэронавигациялық көрсетілетін қызметтердің қызмет сапасының төмендегенін өтеу мақсатында осы Әдістемеді есептелген тарифтер негізінде аэронавигация қызметінің сапасын ескере отырып, төлемге қайта есептеу жүргізіледі.

11. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган белгілеген республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігін аудару

нормативі аэронавигациялық қызмет көрсету сапасын ескере отырып аэронавигацияның реттеліп көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифке қолданылады.

Қызметтер сапасын ескере отырып, табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигацияның көрсетілетін қызметтеріне, тарифтерді (бағалар, алымдар мөршерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесіне қосымша

**Ескерту. Қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

### **Пайданың мөлшерін анықтау кестесі**

Табиғи монополиялар субъектілері аэронавигация қызметін көрсету саласында көрсетілетін қызметтердің сапасының дәрежесін бағалау (аэронавигациялық қызмет көрсетудің сапасы)	Реттеліп көрсетілетін аэронавигация қызметінің і-ші түріне қолданыстағы тарифтегі пайданың шамасына төмендету коэффициенті, К
Инциденттің туындауына алып келмеген аэронавигациялық қызмет ерекшеліктерінің белгіленген талаптарға сәйкессіздігі	1-ден 0,75-ке дейін
Ұшу қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін оқиғаның туындауына алып келген аэронавигациялық қызмет көрсету ерекшеліктерінің белгіленген талаптарға сәйкессіздігі	0,75-ден 0,5-ке дейін
Ұшу қауіпсіздігіне әсер еткен оқиғаның туындауына алып келген аэронавигациялық қызмет көрсету ерекшеліктерінің белгіленген талаптарға сәйкессіздігі	0,5-тен 0,1-ге дейін

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2017 жылғы 1 ақпандағы № 62  
2-қосымша

**Табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізуді ескере отырып, тарифтерді (бағалар, алымдар мөршерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі**

**Ескерту. Әдістеменің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

## 1 Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізуді ескере отырып, тарифтерді (бағалар, алымдар мөршерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 7) тармақшасына, "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 2 шілдедегі қаулысымен ратификацияланған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға сәйкес әзірленді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

2. Осы Әдістеме кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебінің деректері және халықаралық азаматтық авиация ұйымының 9161-АТ/724 әдістемелік ұсынысы - аэронавигациялық көрсетілетін қызметтердің экономикалық аспектілері жөніндегі нұсқаулығы негізінде кірістердің (бұдан әрі - аэронавигациялық көрсетілетін қызметтер), шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізу есебімен табиғи монополиялар саласына жатқызылған, аэронавигация қызметі тарифтері есебінің тетігін анықтауға арналған.

3. Осы Әдістеме аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар мен осы қызметтерді көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің арасындағы мүдделердің балансы негізінде аэронавигация саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді белгілеу тәсілдері мен негізді тариф деңгейін қалыптастыруға бағытталған.

4. Осы Әдістеменің негізін қалаушы қағидаттар:

1) табиғи монополиялар субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізу негізінде аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге жұмсалған экономикалық негізделген шығындарын өтеу;

2) табиғи монополиялар субъектілерінің аэронавигациялық көрсетілетін қызметтеріне тарифтері есебінің анықтығын қамтамасыз ету;

3) табиғи монополиялар субъектілерінің аэронавигациялық көрсетілетін қызметтері бойынша оның тиімді жұмыс істеуін, сондай-ақ аэронавигациялық қызмет көрсету технологиясын жетілдіруді қамтамасыз ететін пайданы алуы.

5. Осы Әдістеменің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар мен қысқартулар қолданылады:

1) аэронавигациялық көрсетілетін қызметтер - әуе қозғалысын ұйымдастыру, байланыс жүйесі, навигация және қадағалау, аэронавигацияны метеорологиялық қамтамасыз ету, іздеу және құтқару, аэронавигациялық ақпарат қызметі;

2) есепті кезең - табиғи монополиялыр субъектісінің көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерді өзгертуге өтінім беру күнінің қарсаңында аяқталған қаржылық жыл;

3) капиталдың құны - қарыз және меншікті қаражаттарға сыйақы мөлшерлемесін сипаттайтын, табиғи монополия салаларына жатқызылған қызметті жүзеге асыруға байланысты инвестициялық және өзге тәуекелдерді көрсететін шама;

4) қолданыстағы активтердің реттелетін базаға пайда мөлшерлемесі - аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсететін табиғи монополиялар субъектісі капиталының құнына сәйкес келетін операциялық пайданың нормасы;

5) қарыз капиталы - айналым қаражаттың орнын толтыруға байланысты қарыздарды қоспағанда есепті кезеңнің аяғында табиғи монополиялар субъектісінің теңгерімінде болған банк операцияларының және өзге қарыздардың жеке түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың ұзақ мерзімді қарыздарының жиынтықты құны;

6) қолданыстағы активтердің реттелетін базасы (бұдан әрі - ҚАРБ) - меншіктегі немесе табиғи монополиялар субъектісінің заңды негіздемесінде тұрған, және аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді жүргізу және (немесе) көрсету кезінде пайдаланылатын есептік кезеңнің соңына ұзақ мерзімді активтердің (негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің) және таза айналым капиталының (ағымдағы активтер мен ағымдағы міндеттемелер арасындағы айырмасы ретінде есептелетін) ұзақ мерзімді активтерінің жиынтық құны;

7) көрсетілетін қызметтер - аэронавигация саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтері (тауарлар, жұмыстар);

8) ортодромия - үлкен дөңгелек доғасын бейнелейтін және әртүрлі бұрыштарда меридианды қиып өтетін жер шары бетіндегі екі нүкте арасындағы қысқа арақашықтық желісі.

Әдістемеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

6. Осы Әдістеме мынадай аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге тарифтерді есептеуге арналған:

1) халықаралық ұшуларды жүзеге асыратын (бұдан әрі - әуеайлақ маңындағы реттеліп көрсетілетін аэронавигация қызметтері) әуе кемелеріне

аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, әуеайлақ маңында әуе кемелеріне аэронавигациялық көрсетілетін қызметтер;

2) халықаралық ұшуларды жүзеге асыратын (бұдан әрі - әуе кеңістігіндегі аэронавигациялық көрсетілетін қызметтер) әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсетуді қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету.

7. Аэронавигация қызметтерінің тарифтері әуе кемесінің ең көп ұшу массасына және жүзеге асырылып отырған тасымалдау түріне (тұрақты немесе тұрақты емес) қарай сараланады.

8. Аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге тарифтер есебі аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді есептеу кезеңіндегі болжамды тарифтік кірістері мен көлеміне негізделген.

Есептік кезең ретінде осы қызметтерге тарифтерді өзгертуге өтінім беру күнінен кейінгі қаржы жылы пайдаланылады.

## **2 - тарау. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізуді ескере отырып тарифтерді есептеу негіздері**

9. Аэронавигацияның көрсетілетін қызметі бес негізгі құрамдауышты қамтиды:

1) аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз етуді қамтиды;

2) әуе қозғалысын ұйымдастыру - әуе қозғалысына қызмет көрсетуді (бұдан әрі - ӘҚҰ), әуе кеңістігін ұйымдастыруды және әуе қозғалысы ағындарын ұйымдастыруды қосқанда, ұшудың барлық кезеңдерінде әуе кемелерінің қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін қажетті борттық және жердегі функцияларының кешені;

ӘҚҰ өзіне әуе қозғалысын басқаруды (бұдан әрі - ӘҚБ), ұшу-ақпараттық қызмет көрсетуді және апаттық хабарлауды қамтиды.

ӘҚБ өзіне: әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсетуді, жақындауға диспетчерлік қызмет көрсетуді, аудандық диспетчерлік қызмет көрсетуді;

3) ұшуларды радиотехникалық қамтамасыз етуді (авиациялық электр байланыс қызметінен, сондай-ақ авиациялық радиолокация және радионавигация қызметінен тұрады);

4) метеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз етуді;

5) іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді қамтиды.

10. Әуе кеңістігінде аэронавигациялық көрсетілетін қызметтер тарифтерін есептеу кезінде мынадай жұмыс түрлері:

апаттық хабарлау және іздестіру мен құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде ұшуларды үйлестіру;

әуе қозғалысын ұйымдастыру;

әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлау және үйлестіру;

қосалқы әуеайлақтарында әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарының жұмысын қамтамасыз ету;

радиолокация, радионавигация және байланыс құралдарын беру;

экипаждарға жедел аэронавигациялық ақпаратты және аэронавигациялық жағдайдағы өзгерістерді беру;

экипаждарға жедел метеорологиялық ақпаратты беру;

әуе кемесінің ең көп ұшу массасы;

әуе кемесінің ұшу қашықтығы ескеріледі.

11. Ұшу қашықтығы әуе кемесінің ұшу маршрутының ортодромиясы бойынша өлшенеді, ол әуе кемесінің әрбір ұшуы және әрбір қонуы кезінде 20 километрге азаяды және километрдегі ұшу қашықтығының соңғы саны былайша дөңгелектенеді:

5 километр және одан аз болса нөлге дейін дөңгелектенеді;

5 километрден жоғары болса 10 километрге дейін дөңгелектенеді.

12. Әуе кемелерінің салмағын есепке алу үшін 9 салмақтық топтан тұратын әуе кемелерінің ең жоғарғы ұшу массасының шкаласы Әдістеменің 1 қосымшаға сәйкес қолданылады:

13. Әуе кеңістігінде аэронавигация қызметінің тарифтері осы шкалаға сәйкес келтіру коэффициенттерінің көмегімен әуе кемесінің әрбір салмақтық тобына әуе кемесінің ұшу маршрутының ортодромиясы бойынша есептелген 100 километр арақашықтыққа есептеледі.

14. Әуеайлақ аумағында аэронавигация қызметтерінің тарифтерін есептеу кезінде мынадай жұмыс түрлері:

апаттық хабарлау және іздестіру мен құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде ұшуларды үйлестіру;

әуеайлаққа қону кезінде, қону үшін төмендету, қонуға кіру, қону және тұрақ орнына дейін жеткізу кезінде әуе қозғалысын ұйымдастыру;

әуеайлақтан ұшып шығу кезінде, тұрақ орнынан рөлді басқару, ұшу және әуе трассасына шыққанға дейін биіктікке көтерілу кезеңдерінде әуе қозғалысын ұйымдастыру;

әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлау және үйлестіру;

радиолокация, радионавигация және байланыс құралдарын беру;

экипаждарға жедел аэронавигациялық ақпаратты және аэронавигациялық жағдайдағы өзгерістерді беру;

экипаждарға жедел метеорологиялық ақпаратты беру ескеріледі.

15. Әуеайлақ маңында аэронавигация қызметтерінің тарифі әуе кемесінің ұшу массасының бір тоннасына есептеледі.

Төлем мөлшері әуеайлақ маңында аэронавигация қызметтері тарифтерін ұсынылған құжат немесе анықтамалық ақпаратқа сәйкес әуе кемесінің ең жоғарғы ұшу массасына көбейтумен анықталады.

Әуе кемесінің кг-ғы массасының соңғы екі саны:

50 килограммнан аз болса, аз жаққа, 50 килограмм және одан көп болса, үлкен жағына дөңгелектенеді.

16. Табиғи монополиялар субъектілері көрсететін аэронавигациялық көрсетілетін қызметтердің өзіндік құны қалыптасатын шығындардың құрамдары мен баптары Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес айқындалады.

17. Жекелеген құралдың немесе жұмыстың қосарлы мақсаты болған жағдайда, олармен байланысты шығыстар табиғи монополиялар субъектілері шығындарын бөлек есепке арудың негізінде тиісті тарифтерге бөлінеді.

### **3 - тарау. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізуді ескере отырып тарифтерді есептеу тетігі**

18. Табиғи монополиялар субъектілерінің әуе кеңістігінде аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсетуден болжамды тарифтік кірістер мынадай формула бойынша анықталады:

$$TK_{\text{ж}} = Ш_{\text{ж}} + РПД_{\text{ж}}$$

мұндағы:

$TK_{\text{ж}}$  - табиғи монополиялар субъектілерінің әуе кеңістігінде аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсетуден түсетін, жоспарлы қызмет көлеміне есептелген жиынтық экономикалық негізделген жоспарлы шығындар, теңге;

$Ш_{\text{ж}}$  - ТМС қызметтердің жоспарлы көлеміне есептелген әуе кеңістігінде аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсетуге шығарған экономикалық негізделген жиынтықты жоспарлы шығындар, теңге;

$РПД_{\text{ж}}$  - әуе кеңістігінде аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша түскен пайданың қол жетімді деңгейі, теңге.

19. Әуе кеңістігінде аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша жиынтықты экономикалық негізделген, жоспарлы шығындарды бөлек есепке алу деректері негізінде қалыптасады.

20. Әуе кеңістігінде аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша түскен пайданың жол берілетін деңгейі мынадай формула бойынша анықталады:

$$РПД_{Ж} = ҚАРБ_{Ж} * ПС / 100,$$

мұндағы:

ҚАРБ<sub>ж</sub> - әуе кеңістігінде қолданылатын активтердің реттелетін базасы - есепті кезең аяғында меншікте немесе басқа да заң негізінде табиғи монополиялар субъектісіндегі және аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді жүргізген және (немесе) ұсынған кезде қолданылатын, ұзақ мерзімді активтер (негізгі құралдар мен материалдық емес активтер) мен таза айналым капиталының (ағымдағы активтер мен ағымдағы міндеттемелер арасындағы айырым ретінде есептелген) жиынтық құны;

ПС - осы қызметті көрсетуге пайдаланылатын табиғи монополиялар субъектілерінің қолданыстағы активтерінің реттелетін базасының пайда мөлшерлемесі осы Әдістеменің 28-36 тармақтарына сәйкес есептеледі.

21. Келтірілген бір ұшақ-километр тарифі мынадай формула бойынша анықталады:

$$T_m = \frac{TK_{ж}}{\sum_{i=1}^n (N_{ij} * k_i)}$$

мұндағы:

$T_m$  - келтірілген бір ұшақ-километр тарифі (бағасы, алым мөлшерлемесі);

$k_i$  - әуе кемесінің  $i$ -үлгісіндегі ең көп ұшу массасын ескере отырып анықталатын  $i$ -үлгісіндегі әуе кемесі үшін келтіру коэффициенті;

$N_{ij}$  - әуе кемесінің  $i$ -үлгісімен орындалған ұшақ-километр саны,  $j$  - әуе кемелерінің салмақ бойынша топтарының саны;

$n$  - сомалаудың жоғарғы шегі;

$i$  - сомалау индексі.

22. Әуе кемесінің  $i$ -үлгісі үшін келтіру коэффициенті мынадай формула бойынша анықталады:

$$K_i = \sqrt{\frac{Q_{\max_j}}{50}}$$

мұндағы:

$Q_{\max_j}$  - i-үлгісіндегі әуе кемесінің ең көп ұшу массасы, тонна;

50 - әуе кемесінің ең көп ұшу массасының ең аз мөлшері, 50 тоннаға тең.

23. j-салмақтық тобы үшін 100 ұшақ-километрге әуе кеңістігінде аэронавигацияның көрсетілетін қызметтерінің тарифі мынадай формула бойынша белгіленеді:

$$T_{jm} = T_m * K_j * 100$$

мұндағы:

$T_{jm}$  - әуе кемелерінің j-салмақ тобының тарифі;

$K_j$  - әуе кеңістігіндегі аэронавигацияның көрсетілетін қызметтердің жалпы көлемінде есепке алынған, j-салмақ тобында аэронавигацияның көрсетілетін қызметтердің жоспарлы көлеміне сүйене отырып анықталатын j-салмақтық тобына кіретін әуе кемелері үшін орташа өлшемді келтіру коэффициенті.

#### **4 - тарау. Әуеайлақ маңында табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізуді ескере отырып тарифтердің тетігі**

24. Табиғи монополиялар субъектілерінің әуеайлақ маңында аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсетуді ұсынудан түсетін болжамды тарифтік кірісі мынадай формула бойынша анықталады:

$$TK_{aa} = Z_{aa} + РПД_{aa}$$

мұндағы:

$TK_{aa}$  - әуеайлақ маңында аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсету бойынша болжамды тарифтік кірісі, теңге;

$Z_{aa}$  - қызметтердің жоспарлы көлеміне есептелген әуеайлақ маңында аэронавигацияның көрсетілетін қызметтерді көрсетуден түскен табиғи монополиялар субъектілерінің экономикалық негізделген жиынтық жоспарлы шығындары, теңге;

$РПД_{aa}$  - әуеайлақ маңында аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсетуден түскен пайдалардың қол жетімді деңгейі, теңге.

25. Әуеайлақ маңында аэронавигацияның көрсетілетін қызметтерін ұсынудан түскен табиғи монополиялар субъектілерінің экономикалық негізделген, жоспарлы шығындары, шығындарды бөлек есепке алу деректері негізінде қалыптасады.

26. Әуеайлақ маңында аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсетуден түсетін пайданың қол жетімді деңгейі мынадай формула бойынша анықталады:

$$РПД_{aa} = ҚАРБ_{aa} * ПС/100$$

мұндағы:

ҚАРБ<sub>ж</sub> - табиғи монополиялар субъектілерінің осы көрсетілетін қызметке қолданыстағы активтерінің реттелетін базасы,

ПС - табиғи монополиялар субъектілерінің осы көрсетілетін қызметті көрсетуге пайдаланылатын қолданыстағы активтерінің реттелетін базасының пайда мөлшерлемесі осы Әдістеменің 28-36 - тармақтарына сәйкес есептеледі.

27. Бір ұшу немесе бір қону үшін  $T_{aa}$  әуеайлақ маңындағы аэронавигация қызметтерінің тарифі мынадай формула бойынша анықталады:

$$T_{aa} = \frac{TK_{aa}}{\sum_{i=1}^n \sum_{j=1}^m (V_{ij} * Q_{maxi})}$$

мұндағы:

$Q_{max i}$  - әуе кемелерінің ең көп ұшу массасы, тонна;

$V_{ij}$  - әуе кемесінің  $i$ -үлгісімен орындалған ұшақ-ұшу саны;

$n, m$  - сомалаудың жоғары шегі;

$i$  - әуе кемелерінің түрлерін сомалау индексі;

$j$  - әуе кемелерінің салмақтық тобын сомалау индексі.

**5-тарау. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізуді ескере отырып тарифтердің қолданыстағы активтерінің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесінің есебі**

28. Субъектінің аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде ҚАРБ-ға пайда мөлшерлемесі капиталдың орташа өлшенген құнының әдісімен айқындалады:

$$d = \frac{r_e \cdot W_e + r_d \cdot W_d}{W_e + W_d} k_{ab},$$

мұндағы:

d - пайда мөлшерлемесі;

W e - меншік капиталы, теңге;

W d - қарыз капиталы, теңге;

r e - меншік капиталдың құны;

r d - қарыз капиталдың құны;

K ab - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімімен мемлекеттік басқару органы белгілейтін республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативінің деңгейін ескеретін коэффициент.

29. Аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсететін Субъектінің меншік капиталының құны қызметтің осы түріне арналған қазіргі бар тәуекел үшін сыйақыларды жиынтықтай отырып, мына формула бойынша айқындалады:

$$r_e = r_f + r_s,$$

мұндағы:

r f - тәуекелсіз мөлшерлеме;

r s - аэронавигация саласына тән тәуекелге арналған сыйлықақы.

30. Тәуекелсіз мөлшерлеме Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесінің деңгейіне тең қабылданады.

31. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімімен мемлекеттік басқару органы белгілейтін республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативін ескеретін коэффициент мына формула бойынша есептеледі:

$$K_{ab} = 1/(1-a),$$

мұндағы:

a - Аудару нормативі.

32. Аэронавигация саласына тән аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсетуден түскен табыстар ысыраптарының мүмкіндігіне байланысты тәуекелдердің негізгі факторлары:

1) Қазақстан Республикасының авиация саласының инфрақұрылымы дамуының жағдайы;

2) дүниежүзілік авиатасымалдау нарығы дамуының жалпы әлемдік үрдісі мен ағымдағы жағдайы;

3) қолданысқа енгізілген активтердің жай-күйі болып табылады.

33. Аэронавигацияның саласына тән тәуекелдерді бағалауды, тәуекелдердің қорытынды деңгейін және тәуекелдердің қорытынды деңгейі үшін сыйлықтардың мөлшерін айқындауды осы Әдістеменің 2-қосымшаға келтірілген табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізуді ескере отырып тарифтердің есебін жүргізуге тән тәуекелдердің қорытынды деңгейін айқындау алгоритмі, табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізуді ескере отырып тарифтердің есебін жүргізуге тән тәуекелдерді бағалау алгоритмі және табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізуді ескере отырып тарифтердің есебін жүргізу үшін тәуекелдердің қорытынды деңгейі үшін сыйлықақылардың диапазондарына сәйкес азаматтық авиация саласындағы құзыретті орган жүзеге асырады.

34. Қарыз қаражат құнын бағалау алдын ала элемент бойынша және кейіннен орташа өлшенген шама түрінде қорытынды бағалау әдіспен мына формула бойынша жүргізіледі:

$$R_d = r_{dk} \cdot W_{dk} + r_{do} \cdot (1 - W_{dk}),$$

мұндағы:

$r_{dk}$  - соңғы есепті кезеңнің аяғындағы банктік және өзге несиелердің құны, %;

$r_{do}$  - купон облигациясы немесе облигацияның атаулы пайыздық мөлшерлемесі бойынша төленетін шама, %;

$W_{dk}$  - аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсететін Субъектінің қарыз капиталындағы есепті кезең аяғындағы айналым қаражатының орнын толықтыруға арналған несиелерді қоспағанда, банктік және өзге несиелердің үлес салмағы.

35. Банк несиелерінің құны несиенің пайыздық мөлшерлемесіне тең немесе бірнеше несиелер тартқан жағдайда, тартылған және есепті кезең аяғындағы аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерді көрсететін Субъектінің теңгерімінде бар осы несиелердің орташа өлшенген құнына тең және мына формула бойынша айқындалады:

$$r_{dk} = \sum_{i=1}^n p_i \cdot w_i \cdot (1 - H),$$

мұндағы:

$P_i$  -  $i$  несиесі бойынша кредиторға төленетін пайыз;

$n$  - несиелердің саны;

$W_i$  -  $i$  несиесінің несиенің жалпы сомасындағы үлесі;

$H$  - пайдаға салынған салық мөлшерлемесі.

36. Купон облигациясы бойынша төленетін шама немесе оның атаулы құнына пайыздармен көрсетілетін облигацияның атаулы пайыздық мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$r_{до} = \left( \frac{C_n \cdot p_2 + \frac{C_n - C_p}{t}}{\frac{C_n + C_p}{2}} \right) \cdot (1 - H),$$

мұндағы:

$P_2$  - дисконт мөлшерлемесі;

$C_H$  - облигациялардың атаулы құны;

$C_p$  - облигациялардың өткізу бағасы;

$t$  - қарыз мерзімі (жыл саны).

Табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізуді ескере отырып, тарифтерді (бағалар, алымдар мөлшерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесіне  
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.

## Әуе кемелерінің ең жоғарғы ұшу массасының шкаласы

(тонна)

1	2	3	4	5	6	7	8	9
<7	>	>	>	>	>	>	>	>
	7<20	20<30	30<50	50<100	100<200	200<300	300<400	400

Табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізуді ескере отырып, тарифтерді (бағалар, алымдар мөршерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесіне  
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.

**Табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізуді ескере отырып тарифтердің есебін жүргізуге тән тәуекелдердің қорытынды деңгейін айқындау алгоритмі**

Тәуекел факторлары	Тәуекелді бағалау			Тәуекелдердің қорытынды деңгейі
	ең төмен	орташа	жоғары	
Қазақстан Республикасының авиация саласының инфрақұрылымы дамуының жағдайы	1	2	3	
Дүниежүзілік авиатасымалдау нарығы дамуының жалпы әлемдік үрдісі мен ағымдағы жағдайы	1	2	3	
Қолданысқа енгізілген активтердің жай-күйі	1	2	3	
Тәуекелдің есептік деңгейі (орташа)				

**Табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізуді ескере отырып тарифтердің есебін жүргізуге тән тәуекелдерді бағалау алгоритмі**

--	--	--	--	--

Тәуекел факторлары	Тәуекелді бағалау	Көріністер
Қазақстан Республикасының авиация саласының инфрақұрылымы дамуының жағдайы	ең төмен	Экономиканы дамытудың жақсы перспективалары, халықаралық талаптарға сай және мемлекет пен азаматтардың сапалы авиация қызметтеріне үдемелі сұранысын қамтамасыз ететін мемлекеттің тиімді авиакөлік жүйесін жасау арқылы әуе кеңістігін пайдаланушылардың тарапынан сұранысының елеулі өсуі
	орташа	Қалыпты экономикалық өсудің перспективалары, тұрақты авиатасымалдауға оны елеулі түрде арттырмастан сұраныс күтілуде
	жоғары	Құлдыраудың белгілі бір мүмкіндігінің болуы, республикадағы авиатасымал көлемдерінің өсу перспективасының болмауы, сондай-ақ радиотехникалық және аэронавигациялық жабдықтардың жеткіліксіз модернизациялануы және әуежайлардың төменгі деңгейде техникалық жарақтандыруына байланысты әуе қозғалысының Қазақстан әуе кеңістігінен кетуі
Дүниежүзілік авиатасымалдау нарығы дамуының жалпы әлемдік үрдісі мен ағымдағы жағдайы	ең төмен	Дүниежүзілік экономиканы дамытудың жақсы перспективалары, Қазақстан мен басқа да елдер арасындағы әуе қатынастары туралы екіжақты келісімдердің сақталуын бақылауды қамтамасыз ететін халықаралық экономикалық кеңістік интеграциясы, ұшу мен қону рейстерін орындаған кезде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін толық пайдалану
	орташа	Қалыпты дүниежүзілік экономикалық өсудің перспективалары, авиатасымалдауға оны елеулі түрде арттырмастан тұрақты сұраныс күтілуде
	жоғары	Азаматтық авиация саласындағы жалпы дүниежүзілік құлдырау, террорлық актілердің көріністері, табиғи катаклизма және мемлекет тарапынан әсер етуге болмайтын және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы өтетін әуе қозғалысы көлемінің төмендеуіне алып келетін басқа да сыртқы факторлар.
Қолданыстағы активтердің жай-күйі	ең төмен	Негізгі құралдардың 40 %-ға дейін тозуы
	орташа	Негізгі құралдардың 40 %-дан 70 %-ға дейін тозуы
	жоғары	Негізгі құралдардың 70 %-дан астам тозуы

**Табиғи монополиялар саласына жатқызылған аэронавигациялық көрсетілетін қызметтерге кірістердің, шығындар мен қолданыстағы активтердің бөлек есебін жүргізуді ескере отырып тарифтердің есебін жүргізу үшін тәуекелдердің қорытынды деңгейі үшін сыйлықақылардың диапазондары**

Қорытынды тәуекелді бағалау диапазондары	Тәуекелдердің қорытынды деңгейі	Сыйлықақылар %
Ең төмен	$1 < 1,5$	3 - 5 %
Орташа	$>1,5$ және $<2$	6 - 9 %
Орташадан жоғары	$>2$ және $<3$	10 - 13 %
Жоғары	$=3$	15 %

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің

## **Қызметтер сапасын ескере отырып, табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлардың қызметтеріне, тарифтерді (бағалар, алымдар мөршерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі**

**Ескерту. Әдістеменің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

1. Осы қызметтер сапасын ескере отырып, табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлардың қызметтеріне, тарифтерді (бағалар, алымдар мөршерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 7) тармақшасына, "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 болып тіркелген) (бұдан әрі - Ерекше тәртіп), Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасы міндетін атқарушының 2013 жылғы 31 шілдедегі № 239-НҚ бұйрығымен бекітілген Әуежайлар саласында қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8716 болып тіркелген) сәйкес әзірленген және қызметтер сапасын ескере отырып әуежайлардың табиғи монополиялар саласына жатқызылған қызметтеріне тарифтерді, есептеу тетігін анықтауға арналған.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

2. Әдістемеді мынадай ұғымдар қолданылады:

1) активтердің қолданылу коэффициенті - табиғи монополия саласына жатқызылған қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндіру және ұсыну кезінде табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарын, олардың технологиялық қуатына қарай нақты пайдалануды (қолданысқа енгізілгендігін) сипаттайтын пайыздық мәніндегі көрсеткіш;

2) көрсетілетін қызмет сапасы - мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде белгілеген қызметтің техникалық, технологиялық және пайдалану сипаттамаларының жиынтығы, олар арқылы ұсынылатын қызмет тұтынушы талаптарына жауап береді;

3) көрсетілетін қызметтер - табиғи монополиялар субъектілері жүзеге асыратын әуежайлар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар);

4) көрсетілетін қызметтерге арналған тікелей шығындар – белгілі бір көрсетілетін қызметпен тікелей себеп-салдары бар шығындар, сондықтан белгілі бір көрсетілетін қызметке тікелей және бір мәнді жатады;

5) қолданысқа енгізілген активтер – әуежайлар саласында көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін пайдаланылатын әуежайдың негізгі құралдары мен материалдық емес активтері;

б) қызмет бағыттары - дербес, сол сияқты бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайтын қызмет көрсетуге қатысатын белгілі бір қызмет көрсету процестерінің жиынтығы.

Осы Әдістемеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

## **2-тарау. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне қызмет сапасын ескере отырып, тарифтерді есептеу тетігінің негізгі қағидаттары**

3. Осы Әдістемеге сәйкес табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне қызмет сапасын ескере отырып (бұдан әрі - көрсетілген қызметтер), тарифтерді есептеу тетігінің негізгі қағидаттары мыналар:

1) құзыреті шегінде мемлекеттік органдар белгілеген талаптарға көрсетілетін қызметтер сапасының сәйкестігі;

2) көрсетілетін қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ашықтығы;

3) табиғи монополия субъектісінің жұмыс істеуі және дамуы үшін жеткілікті тиімділік деңгейін тарифпен қамтамасыз ету;

4) қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесінің негізінде көрсетілетін қызметтерге тарифтердегі пайданың жол берілетін деңгейін нормалау;

5) көрсетілетін қызметтерге тарифтерді есептеген кезде пайдаланылатын өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің шынайылығы болып табылады.

### **3-тарау. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне қызмет сапасын ескере отырып, тарифтерді есептеу тетігі**

4. Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын және халықаралық бағыттар бойынша авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, әуе кемесінің ұшуы мен қонуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге (бұдан әрі – әуе кемесінің ұшып-қонуын қамтамасыз ету қызметі) тариф мынадай операциялар бойынша шығындарды есептеуді қамтиды:

- 1) ұшу-қону жолақтарын, рульдік жолдарын, перрондар ұсыну;
- 2) әуеайлақты ұстау және пайдалануды қамтамасыз ету;
- 3) әуеайлақты жарықтехникалық қамтамасыз ету;
- 4) авариялық-құтқару және өртке қарсы жабдығымен қамтамасыз ету;
- 5) әуежай ауданында ұшулардың қауіпсіздігін орнитологиялық қамтамасыз ету;

6) әуежайдан әуе кемелері ұшуларының негізгі бағыттары бойынша (әуежай орындаған жағдайларда ғана) аэронавигациялық ақпаратқа және аэронавигациялық жағдайға жедел өзгерістер ұсыну;

7) жақындағанда диспетчерлік қызмет көрсету және әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсету (әуежай орындаған жағдайларда ғана);

8) радиотехникалық қызмет көрсету (әуежай орындаған жағдайларда ғана);

9) метеорологиялық қамтамасыз ету (әуежай орындаған жағдайларда ғана);

10) Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, қонатын әуежайда өңдеуге (тиеуге және/немесе түсіруге) жататын жүктер (пошталар) болған жағдайда, жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесіне қонғаннан кейін үш сағат ішінде және жүк тасымалдайтын және жүк-жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінің сертификатталған үлгілері үшін алты сағаттан астам тұрақ орнын беру.

Әуе кемесінің ұшуы мен қонуын қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтердің тариф өлшемі ең жоғары ұшу массасының 1 тоннасы болып табылады, алым мөлшерін анықтау кезінде әуе кемесінің ең жоғары ұшу массасы тоннамен бүтінге дейін дөңгелектеледі: 500 килограммға дейін - азаю жағына, 500 килограмм және одан жоғары - көбею жағына.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

5. Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын және халықаралық бағыттар бойынша авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге (бұдан әрі – авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметі) тариф мынадай операциялар бойынша шығындарды есептеуді қамтиды:

1) жолаушыларды, қол жүгін, багажды, азаматтық авиацияның әуе кемелері экипаждарының мүшелерін тексеру;

2) әуежайда өткізу және объектішілік режимді қамтамасыз ету;

3) әуе кемелерін, жүкті, поштаны және борттық тағамды ұшар алдында тексеру;

4) әуежайдың заңсыз араласу актілерінің жолын кесу іс-қимылдарына күші мен құралдарының дайындығын сақтау;

5) тұрақтағы әуе кемелерін күзету, әуе кемесіне бөтен адамдардың өтіп кетпеуіне мүмкіндік бермеу;

6) әуе көлігімен тасымалдауға тыйым салынатын қару, оқ-дәрі, жарылғыш, радиоактивті, уландырғыш, тез жанатын заттарды заңсыз алып жүруге жол бермеу;

7) қару мен оқ-дәріні тасымалдау кезінде оларды әуе кемесінің жолаушылардан оқшауланған бөліктерінде багажда оғы алынған жағдайда тасымалдауды қамтамасыз ететін ерекше сақтық шараларын енгізу;

8) авиаотындармен қамтамасыз ету объектілерін күзету;

9) әуежай аймағындағы пайдаланушылардың авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің қызметін үйлестіру.

Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтің өлшем бірлігі ең жоғары ұшу салмағының 1 тоннасы болып табылады.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

6. Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын және халықаралық бағыттар бойынша авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, қонатын әуежайда өңдеуге (тиеуге және/немесе түсіруге) жататын жүктер (пошталар) болған жағдайда, жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесіне

қонғаннан кейін үш сағаттан және жүк тасымалдайтын және жүк-жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінің сертификатталған түрлері үшін алты сағаттан астам тұрақ орнын беру жөніндегі қызметтерге (бұдан әрі – әуе кемесіне тұрақ орнын беру бойынша қызмет) тариф әуе кемесінің тұрақта нақты болған әрбір сағаты үшін есептеледі.

Әуе кемесіне тұрақты орын ұсыну бойынша қызмет өлшем бірлігі ең жоғары ұшу салмағының 1 тонна-сағат болып табылады.

Толық емес сағат бір сағат болып есептеледі.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

7. Халықаралық бағыттарды қоспағанда, әуе кемесіне базалық әуеайлақта тұрақ орнын беру жөніндегі қызметке тариф бір тәулікке белгіленеді.

Толық емес тәулік бір тәулік болып есептеледі.

Ең жоғары ұшу салмағының 1 тоннасы-тәулігі халықаралық бағыттарды қоспағанда, әуе кемесіне базалық әуеайлақта тұрақ орнын беру жөніндегі қызметтің өлшем бірлігі болып табылады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

8. Әуежайлардың реттеліп көрсетілетін қызметтерінің бірлігіне арналған экономикалық жағынан негізделген тарифті есептеу мыналардан:

1) көрсетілетін қызметтің бірлігіне арналған тарифтің шығынды бөлігін есептеуден;

2) көрсетілетін қызметтің бірлігіне арналған тарифтің кіріс бөлігін есептеуден тұрады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$D = T_3 + P,$$

мұндағы:

D - көрсетілетін қызметтің бірлігіне арналған тариф;

T<sub>3</sub> - тарифтің шығынды бөлігі (көрсетілетін қызметтің бірлігіне келетін нормативтік нақты шығындар);

P - тарифтің кіріс бөлігі (көрсетілетін қызметтің бірлігіне келетін пайданың жол берілген деңгейі).

**4-тарау. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне шығынды бөлігін қызмет сапасын ескере отырып, тарифтерді қалыптастыру**

9. Көрсетілетін қызметтер бойынша шығыстар Ерекше тәртіпке сәйкес тарифтердің шығынды бөлігіне енгізіледі.

Тарифтердің шығынды бөлігін қалыптастыру мынадай кезеңдерден тұрады:

1) жалпы кәсіпорын бойынша және барлық құрылымдық бөлімшелер бөлінісінде әуежайдың өндірістік шығындарын айқындау;

2) әуежайдың көмекші қызметтерінің шығындарын бөлу;

3) кезең шығындарын бөлу;

4) тарифтің шығынды бөлігін айқындау.

10. Бірінші кезеңде әуежайдың әрбір құрылымдық бөлімшесінің өндірістік шығындары айқындалады. Өндірістік шығыстар өндірістік штатты ұстау шығыстарынан, еңбекке ақы төлеу қорының аударымдарынан, материалдарға жұмсалатын шығыстарынан, негізгі өндірістік қорларға жөндеу жүргізу шығыстарынан, арнаулы автокөлік техникасын ұстау және қызмет көрсету шығыстарынан, амортизация шығыстарынан, негізгі өндірістік қорларды ұстау мен пайдалану шығыстарынан, материалдар, энергия және отын шығындарынан тұрады.

11. Тарифтерді қалыптастырудың екінші кезеңінде әуежайдың көмекші қызметтерінің шығыстарын бөлу жүргізіледі. Соңғы өнімді шығармайтын құрылымдық бөлімшелердің өндірістік шығындарын соңғы өнім шығаратын бөлімшелерге көмекші қызметтер тұтынған қызметтердің санына тепе-тең қайта бөлінеді.

Көмекші қызметтердің шығындарын қайта бөлу көзі әрбір құрылымдық бөлімшеге әуежайдың көмекші қызметінің басшысы қалыптастырған көрсетілген қызметтер туралы ай сайынғы ақпарат (тарифті есептеу үшін базаға алынған кезең ішіндегі) болады.

Көрсетілген ақпарат әрбір құрылымдық бөлімшеге орнатылған есепке алу аспаптарынан алынған көрсеткіштердің негізінде толтырылады және көмекші қызметтердің шығыстарын бөлу үшін бастапқы құжат болып табылады.

Көмекші қызметтердің ішкі көрсететін қызметтерінің шығыстарын бөлу:

Жанар-жағар май материалдарымен қамтамасыз ету қызметі, қызмет жұмысының бағыттары:

1) әуе кемелерін авиациялық жанар-жағар май материалдарымен (бұдан әрі - авиа ЖЖМ) және арнайы сұйықтықтармен қамтамасыз ету әуежайдың сыртқы тұтынушыларына көрсетілетін қызмет болып табылады;

2) әуежайды автомобильдік жанар-жағар май материалдарымен (бұдан әрі - авто ЖЖМ) қамтамасыз ету әуежайдың құрылымдық бөлімшелеріне көрсетілетін ішкі қызмет болып табылады.

Әуежайды авто ЖЖМ-мен қамтамасыз ету қызметінің бағыты бойынша шығыстар авто ЖЖМ-ды жеткізуге, сақтауға және сатып алуға арналған

шығындарды, авто ЖЖМ-мен әуежайдың қызметтерін қамтамасыз етуге тікелей байланысты өндірістік штаттың жалақысын, еңбекке ақы төлеу қорының аударымдарын, авто ЖЖМ-ды сақтау және бөлу үшін қажетті негізгі өндірістік қорлардың материалдық шығындарын, амортизациялық аударымдарын қамтиды.

Қызметтердің көрсетілген бағыттар арасындағы шығыстары қосымша шығыстар болып жинақталады және қызмет бағыттары бойынша қалыптасқан тікелей шығындар қызмет бағыттарының арасында тепе-тең бөлінеді

Әуежайды авто ЖЖМ-мен қамтамасыз ету қызметінің бағыты бойынша шығыстар әуежай қызметтерінің арасында әрбір құрылымдық бөлімше тұтынатын авто ЖЖМ-ның мөлшеріне тепе-тең бөлінеді.

Авто ЖЖМ-ның жұмсалуды туралы ақпараттың толықтығы мен шынайылығы үшін жанар-жағар май материалдары қызметінің басшысы әуежайдың құрылымдық бөлімшелері бөлінісінде авто ЖЖМ-ды тұтыну есебін жүргізеді, бұл көрсетілген бағыт бойынша қалыптасқан шығыстарды әуежай қызметтерінің арасында қайта бөлу есебін сапалы жүргізуге мүмкіндік береді.

Жылумен техникалық және сантехникалық қамтамасыз ету қызметі (бұдан әрі - ЖжСТҚ), қызмет бағыттары:

- 1) әуежайды сумен және кәрізбен қамтамасыз ету;
- 2) әуежайды жылумен қамтамасыз ету.

Әуежайды сумен және кәрізбен қамтамасыз ету қызмет бағыты бойынша шығыстар әуежай қызметтерін сумен және кәрізбен қамтамасыз етуге тікелей байланысты қызметтің өндірістік персоналына еңбекақы төлеу шығындарынан, еңбекке ақы төлеу қорының аударымдарынан, материалдық шығындардан, әуежайды сумен және кәрізбен қамтамасыз етуге тікелей байланысты қызметтің негізгі өндірістік қорларының амортизациялық аударымдарынан, басқа шығындардан тұрады.

Осы бағыт бойынша қалыптастырылған шығыстар тұтынылған судың көлеміне тепе-тең бөлінеді.

Әуежайдың жылумен жабдықтау қызметінің бағыты бойынша шығыстар әуежайды жылумен жабдықтауды қамтамасыз етуге тікелей байланысты өндірістік персоналдың еңбекақысына жұмсалған шығыстарды, еңбекақы қорынан аударымдарды, материалдық шығындарды, әуежайдың жылумен қамтамасыз ету процесіне тікелей қатысатын негізгі өндірістік қорлардың амортизациялық аударымдарын қамтиды.

Көрсетілген бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар жылытылатын ғимараттың алаңына тепе-тең бөлінеді.

Көрсетілген қызмет бағыттарының арасындағы бөлінбеген ЖжСТҚ қызметінің шығыстары қосымша шығыстар ретінде қалыптасады және қызмет

бағыттарының арасында қызмет бағыттары бойынша қалыптасқан тікелей шығындарға тепе-тең бөлінеді.

ЖжСТҚ қызметі басшысының тұтынылған судың және кәріздік сарқынды сулардың, жылудың саны туралы ақпараты шығыстарды бөлу жөнінде есеп айырысу үшін негіз болып табылады.

Ұшуларды энергиямен-жарықпен техникалық қамтамасыз ету (бұдан әрі - ҰЭЖТҚ) қызметі, қызмет бағыттары:

- 1) ұшу-қону жолақтарын жарықпен техникалық қамтамасыз ету;
- 2) әуежайды энергетикалық қамтамасыз ету.

Әуежайды энергетикалық қамтамасыз ету қызметінің бағыты бойынша шығыстар әуежай қызметін қамтамасыз етуге тікелей байланысты өндірістік персоналдың еңбекақысына жұмсалған шығыстардан, еңбекақы қорының аударымдарынан, әуежайды электр энергиясымен қамтамасыз етуге тікелей байланысты материалдық шығындардан амортизациямен және өзге де шығыстардан тұрады.

Шығыстар тұтынылған электр энергиясы санының көлеміне тепе-тең бөлінеді . Шынайы ақпараттың көзі қызмет басшысының ай сайынғы есептері болып табылады.

Көрсетілген бағыттардың арасындағы бөлінбеген шығыстар қосымша шығыстар ретінде жинақталады және қызмет бағыттары бойынша қалыптасқан тікелей шығындар қызмет бағыттарының арасында тепе-тең бөлінеді.

Арнайы автокөлік қызметінің шығыстары (бұдан әрі - АКҚ) мынадай қызмет бағыттары бойынша бөлінеді:

1) әуеайлақ қызметін көлікпен сүйемелдеу. Қызметі ұшу-қону жолақтарын, рульдік жолдарын және перрондарды ұстаумен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстарды қамтиды.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемінде әуеайлақ қызметіне жатады;

2) авариялық-құтқару және өртке қарсы қамтамасыз ету қызметін (бұдан әрі - АҚӨҚҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі авариялық-құтқару жұмыстарымен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемінде АҚӨҚҚ қызметіне бөлінеді;

3) әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсетуді (бұдан әрі - ӘДҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі әуеайлақ диспетчерлік қызметпен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде ӘДҚ қызметіне бөлінеді;

4) жолаушыларға қызмет көрсету қызметін (бұдан әрі - ЖҚҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі жолаушыларды әуе кемесінің бортына (бортынан) жеткізуге тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде ЖҚҚ қызметіне бөлінеді;

5) жүктерге, поштаға қызмет көрсету қызметін (бұдан әрі - ЖПҚҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі жүктерді, қол жүктерін ӘК бортына (нан) жеткізуге тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде ЖПҚҚ қызметіне бөлінеді;

6) жанар-жағар материалдармен қамтамасыз ету жөніндегі қызметті (бұдан әрі - ЖЖМҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі әуе кемесін авиа ЖЖМ және басқа сұйықтықтар құюға тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде авиа ЖЖМ-мен қамтамасыз ету ЖЖМҚ қызметінің бағытына бөлінеді.

Қызметі авто ЖЖМ жеткізу мен бөлуге тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар толық көлемде авто ЖЖМ-мен қамтамасыз етудің ЖЖМҚ қызметінің бағытына бөлінеді.

7) авиациялық қауіпсіздік қызметін (бұдан әрі - АҚҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі әуежай аумағын патрульдеуге тікелей қатысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар толық көлемде АҚҚ қызметіне бөлінеді;

8) ҰЭЖТҚ көліктік сүйемелдеу.

Қызметі ҰЭЖТҚ қызметінің өндірістік қызметімен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде ҰЭЖТҚ қызметіне бөлінеді;

9) жылу техникалық және сантехникалық қамтамасыз ету қызметін (бұдан әрі - ЖжСТҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі ЖжСТҚ қызметінің өндірістік қызметімен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде ЖжСТҚ қызметіне бөлінеді;

10) инженерлік-авиациялық қызметті (бұдан әрі - ИАҚ) көліктік сүйемелдеу. Қызметі ИАҚ қызметінің өндірістік қызметімен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде ИАҚ қызметіне бөлінеді;

11) әкімшілік-басқару персоналын көліктік сүйемелдеу.

Әкімшіліктің автокөлігін пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемде әкімшілік шығыстарға жатады;

12) жалпы пайдаланудағы көліктер.

Жалпы мақсаттағы автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша шығыстар қызметтердің тікелей шығындарына тепе-тең бөлінеді.

Арнайы автокөлік қызметтің көрсетілген бағыттары арасында бөлінбеген шығыстары қосымша шығыстар ретінде қалыптасады және қызмет бағыттары бойынша қалыптасқан қызмет бағыттарының арасында тікелей шығындарға тепе-тең бөлінеді.

12. Қызметтерге арналған тарифтердің шығынды бөлігін қалыптастырудың үшінші кезеңінде табиғи монополия субъектісінің кезең шығыстары бөлінеді.

Кезең шығыстары мынадай көрсеткіштерге тепе-тең бөлінеді:

жалпы шаруашылық шығыстар - табиғи монополия субъектісі көрсететін қызметтердің әрбір түрі бойынша өндірістік шығындарға тепе-тең;

салықтар мен алымдар (негізгі құралдарға байланысты) табиғи монополия субъектісі көрсететін қызметтердің әрбір түріне жатқызылатын активтердің қалдық құнына тепе-тең;

банктерге сыйақы төлеуге арналған шығыстар - қызметтерді көрсету үшін кредит алынған ақша қаражатының оларға қатысу дәрежесі бойынша бөлінеді.

13. Төртінші кезеңде тарифтің шығынды бөлігі анықталады.

Әуеайлақ қызметінің шығыстары қызметтің екі бағытының арасында - ұшу-қону жолақтарын ұстауға және әуе кемелеріне арналған тұрақтар алаңдарын ұстауға - тепе-тең бөлінеді.

Әуе кемесінің ұшуын-қонуын қамтамасыз ету жөнінде көрсетілетін қызметке арналған тарифтің шығынды бөлігі осы қызметті көрсетуге арналған шығындарды көрсетілетін қызметтің нақты көлеміне бөлу арқылы анықталады. Осы қызметті көрсету жөніндегі шығындар - бұл мынадай шығыстар жиынтығы:

негізгі құрылымдық бөлімшелер - әуеайлық қызметінің қызмет бағыты ұшу-қону жолақтарын ұстау, АҚӨҚҚ, ӘДҚ, ҰЭЖТҚ қызметінің бағыты ұшу-қону жолақтарын жарықпен техникалық қамтамасыз ету;

көрсетілген негізгі қызметтерге бөлінген көмекші қызметтердің шығыстары;

осы көрсетілетін қызметке жатқызылған кезең шығыстары. Осы көрсетілетін қызметке арналған тарифтің шығынды бөлігі - авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметті көрсетуге арналған шығындарды қызметтің нақты көлеміне бөлу арқылы анықталады.

Осы қызметті көрсету жөніндегі шығындар - бұл шығыстар жиынтығы:  
АҚК, ДҚ негізгі құрылымдық бөлімшелері;  
аталған негізгі қызметтерге бөлінген көмекші қызметтердің шығыстары;  
осы көрсетілетін қызметке жатқызылған кезең шығыстары.

Әуе кемесіне тұрақ орнын беру және қону әуеайлағында әуе кемесіне тұрақ орнын беру жөнінде көрсетілетін қызметтер бойынша шығынды бөлігін анықтау:

әуе кемелері үшін тұрақ орнын ұстау қызметінің бағыты бойынша қалыптасқан әуеайлақ қызметінің шығыстары екі көрсетілетін қызмет арасындағы бағыт бойынша - қону әуежайында өңдеуге (тиеге және (немесе) түсіруге) жататын жүктер (пошталар) болған жағдайда, жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесіне қонғаннан кейін 6 жүк тасымалдайтын және жүк-жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінің сертификатталған үлгілері үшін

3 сағат бойы тұрақ орнын беру жөнінде және базалық әуеайлақта әуе кемесіне тұрақ орын беру жөнінде көрсетілетін қызметтерге осы көрсетілетін қызметтердің нақты көлеміне тепе-тең бөлінеді;

аталған негізгі қызметтерге бөлінген көмекші қызметтердің шығыстары;  
осы қызметтерге жатқызылатын кезең шығыстары.

## **5-тарау. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне қызмет сапасын ескере отырып, тарифке енгізілетін пайданы қалыптастыру**

14. Көрсетілетін қызметтердің тарифіне енгізілетін пайда қолданысқа енгізілген активтер құнының және қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесінің негізінде айқындалады:

$$P = A * ПМ,$$

мұндағы:

P - көрсетілетін қызметтер бойынша пайда, (теңге).

A - көрсетілетін қызметтердің біреуін көрсетуге қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы, (теңге),

ПМ - пайда мөлшерлемесі (%).

Әуежайдың реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша реттелетін базасы қызметті көрсетуге қолданысқа енгізілген активтерді нақты құнының активтердің

қолданысқа енгізілу коэффициентіне көбейтіндісі ретінде, мынадай формула бойынша анықталады:

$$A = AK * K_{eak},$$

мұндағы:

AK - реттеліп көрсетілетін қызметтерді (операцияларды) көрсетуге қолданысқа енгізілген активтердің нақты құны, (теңге),

K<sub>eak</sub> - қолданысқа енгізілген активтердің коэффициенті.

Қолданысқа енгізілген активтердің коэффициенті олардың өндірістік қуаттылығына әуежайдың негізгі құралдары көрсететін қызметтердің нақты көлемінің (өткен төрт тоқсанның ішінде немесе осының алдындағы күнтізбелік жыл үшін) арасалмағы ретінде айқындалады.

Активтердің нақты құны қызметтерді өндіру мен ұсыну кезінде пайдаланылатын, конкурстық негізде іріктелген тәуелсіз бағалаушылар қайта бағалау нәтижесінде алынған табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің қалдық құнының негізінде айқындалады.

15. Әуежайлар саласындағы табиғи монополия субъектілері үшін пайда мөлшерлемесі орташа өлшенген капитал құны әдісі арқылы есептеледі және мынадай формула бойынша анықталады:

$$AK = ((1 - g) * re) + (g * rd),$$

мұндағы:

g - леверидж, қаржыландырудың жалпы құрылымында табиғи монополия субъектісінің қарыз және меншікті капиталының ара қатынасын сипаттайтын шама, яғни негізгі құралдарға соңғы жүргізген қайта бағалауды ескере отырып, барлық капиталдың құрылымындағы нақты қарызға алған қаражаттың үлесі (меншікті және қарыз капиталының сомасы). Леверидждің деңгейі нөлден кем емес шама болып табылады. Субъектінің меншікті капиталының теріс мәні болған жағдайда леверидждің деңгейі 1-ге тең шаманы алады;

re - меншікті капиталға сыйақы мөлшерлемесі (%);

rd - қарыз қаражатына сыйақы мөлшерлемесі (%).

Меншік капиталға арналған сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$Re = rf + ra,$$

мұндағы,

ra - тәуекел үшін сыйақы. Тәуекелге арналған сыйақы өндірістік-технологиялық (r<sub>tex</sub>), операциялық (r<sub>op</sub>) және қаржылық (r<sub>fin</sub>) тәуекелдерден тұрады.

Әуежайдың өндірістік құзыреттілігіне байланысы жоқ себептермен болған технологиялық авариялардан болған табыстың шығынын жабуға арналған өндірістік-технологиялық (r<sub>tex</sub>) тәуекел саланың, олар көзделген табыстың,

негізгі құралдардың және тауар-материалдық қордың шығынына алып келуі мүмкін тәуекелдерге ұшырау дәрежесін көрсетеді.

Осы көрсеткішті есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$r_{\text{тех}} = Z_a / C_e,$$

мұндағы,

$Z_a$  - бір жыл ішінде орта есеппен авариялар мен зілзала салдарларын жоюға арналған шығындар.

Авариялардың саны бойынша деректер болмаған және авариялардың болу ықтималдығын анықтау мүмкін болмаған кезде негізгі құралдардың тозу дәрежесі бойынша технологиялық тәуекелді бағалау үшін амортизациялық аударымдардың үлестерін ранжирлеу шәкілін пайдалану ұсынылады:

Негізгі құралдардың тозу дәрежесіне қарай технологиялық тәуекелді айқындау шәкілі Әдістеменің 1 қосымшада көрсетілген.

(гор) Жұмыстардың көлемін төмендетуден алынған табыстың шығынын жабуға арналған операциялық тәуекелдер (жұмыстардың көлемдері ұлғайған жағдайда осы тәуекел қолданылмайды) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$g_{\text{ор}} = 0.5 * (V - Z_{\text{пер}}) / c_e * \Delta V / V,$$

мұндағы,

$V$  - есепті кезең ішіндегі осы көрсетілетін қызметтерден алынған пайда (табыс),

$Z_{\text{пер}}$  - есепті кезең ішіндегі ауыспалы (қызметтердің көлеміне қарай) шығындар немесе  $i$ -й көрсетілетін қызметіне болжамдалған мән,

$C_e$  - қызметке жатқызылған негізгі құралдардың баланстық құны,

$DV$  - болжамдалған жыл ішінде  $i$ -қызметінен алынған табыстың өзгеруі

Операциялық тәуекелдің нысаны тәуекел түрлерінің көпшілігі үшін қабылданғанындай, 0-ден 5% дейінгі шектерде шектелген.

Ұйымның қаржылық ресурстарының шығыны ықтималдығына байланысты қаржылық тәуекел ( $r_{\text{фин}}$ ), мынадай формула бойынша анықталады:

$$r_{\text{фин}} = r_{\text{баз}} * (1 - H) * D_p / C_e,$$

мұндағы,

$r_{\text{баз}}$  - ұйымның есепті жыл ішіндегі жалпы табысы,

$H$  - пайдаға салық мөлшерлемесі,

$\Delta |_{\pi}$

- қызмет пайдасаның түсу деңгейі,

$$\Delta|_{\pi} = 0.5 * \Delta V/V * (V - Z_{нер})/\pi \text{ баз,}$$

Қаржылық тәуекелдің мәні тәуекел түрлерінің көпшілігі үшін қабылданғанындай, 0-ден 5% дейінгі шектерде шектелген.

Акционерлік капиталға арналған сыйақының құны қарыз қаражатына арналған сыйақы құнынан кем емес шама болып табылады.

$$rd = rf + ДП,$$

мұндағы,

rf - тәуекелсіз мөлшерлеме, ол Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің деңгейіне тең қабылданады;

ДП - егер борыштық міндеттемелерді шығару орын алса, табиғи монополия субъектісі шығарған және сол мерзімде айналымдағы мемлекеттік бағалы қағаздарға қатысты айналымда болатын борыштық міндеттемелерге сыйлықақы негізінде айқындалатын табиғи монополия субъектісі бойынша тәуекел үшін борыштық сыйлықақы. Өзге жағдайда, ол көрсетілетін қызметтің осындай түрімен айналысатын, Қазақстан Республикасының аумағында ұқсас кредиттік рейтингісі бар басқа табиғи монополиялар субъектілерінің тәуекелі үшін борыштық сыйлықақыларды ескере отырып айқындалады.

## **6-тарау. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне қызмет сапасын ескере отырып, тарифтің кіріс бөлігінің деңгейіне әсер ететін қосымша коэффициенттер**

16. Әуежайларда сапа жүйесінің жұмыс істеуі кәсіпорынның әуежайлық көрсетілетін қызметтерді көрсету сапасын арттыру саласындағы саясатын іске асыруға бағытталған.

Әуежай көрсетілетін қызметтерге сапа жүйесі (ИСО 9000-2001) бойынша алған сапа сертификаты реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтің кіріс бөлігін 10%-ға арттыруға көтермелейді.

17. Көрсетілетін қызметтердің сапалық көрсеткіштері ұлғайған жағдайда тарифтің кіріс бөлігін ұлғайту жүргізіледі:

1) табиғи монополия субъектісінің еңбек өнімділігі коэффициентін 10%-ға ұлғайтқан сайын көрсетілетін қызмет тарифінің кіріс бөлігін 1%-ға ұлғайту жүргізіледі;

2) қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді жаңарту коэффициенті 10%-ға ұлғайтылған сайын көрсетілетін қызмет тарифінің кіріс бөлігі 1%-ға ұлғаяды.

18. Көрсетілетін қызметтердің сапасы төмендеген жағдайда тарифтің кіріс бөлігін бір көрсетілетін қызмет бірлігіне төмендету Әдістеменің 2 қосымшадағы сапалы қызмет көрсеткіштерге сәйкес жүргізіледі.

Қызметтер сапасын ескере отырып, табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлардың қызметтеріне, тарифтерді (бағалар, алымдар мөршерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесіне  
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.

### Негізгі құралдардың тозу дәрежесін айқындау шәкілі

	Тозу дәрежесі %			
	30% дейін	30 - 40%	40 - 50%	50% жоғары
Өндірістік-технологиялық тәуекелдің мәні (rmex)	0,3	0,5	0,75	1

Қызметтер сапасын ескере отырып, табиғи монополиялар саласына жатқызылған әуежайлардың қызметтеріне, тарифтерді (бағалар, алымдар мөршерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесіне  
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.

### Сапалы қызмет көрсеткіштері

Әуежайдың сапалы қызмет көрсеткіштері	Тарифтің кіріс бөлігінің төмендеу пайызы
Еңбек өнімділігі коэффициентінің әрбір 10%-дық төмендеуі	1%
Негізгі құралдарды жаңарту коэффициентінің әрбір 10%-дық төмендеуі	1%
Әуежайдың кінәсі бойынша рейстің біржолғы кідірісі	2%
Әуежайдың кінәсі бойынша рейстің қайталанған кідірісі	5%
Әуежайдың кінәсі бойынша авиациялық оқиғаға алғышарт	7%

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму

**Табиғи монополиялар саласына жатқызылған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты бойынша әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағалар, алымдар мөршерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі**

Ескерту. Әдістеменің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы табиғи монополиялар саласына жатқызылған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты бойынша әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бағалар, алымдар мөршерлемелерін) есептеудің кемсітпейтін әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 15-1-бабының 7) тармақшасына, "Табиғи монополиялар туралы" (бұдан әрі – табиғи монополиялар Заңы) 1998 жылғы 9 шілдедегі, "Концессиялар туралы" (бұдан әрі – концепциялар Заңы) 2006 жылғы 7 шілдедегі, "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" (бұдан әрі - Мемлекеттік-жекешелік әріптестік Заңы) 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 болып тіркелген) (бұдан әрі - Ерекше тәртіп), Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2013 жылғы 31 шілдедегі № 239-НҚ бұйрығымен бекітілген Әуежайлар саласында қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8716 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 743 бұйрығымен бекітілген Өз қызметін

мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде концессия шарты бойынша жүзеге асыратын табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12526 болып тіркелген) сәйкес әзірленген және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты бойынша көрсетілетін әуежайлардың табиғи монополиялар саласына жатқызылған көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді есептеу тетігін анықтауға арналған.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

2. Әдістемеде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) активтердің қолданылу коэффициенті - олардың технологиялық қуаттылығынан табиғи монополия субъектісіне жатқызылған қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндірген және ұсынған кезде табиғи монополия субъектісінің негізгі құралдарын нақты пайдалануын (іске қосылғанын) сипаттайтын пайыздық көрінісіндегі көрсеткіш. Концессиялық жобаларды ерекше маңызы бар концессиялық жобалар санатына жатқызу критерилері концессиялар туралы Заңы 1-бабының 8) тармақшасына сәйкес мемлекеттік жоспарлау бойынша уәкілетті орган айқындайды;

2) концессия - концессия объектілерін құруға (реконструкциялауға) және пайдалануға бағытталған, концессионердің қаражаты есебінен немесе концеденттің қоса қаржыландыруы шарттарымен жүзеге асырылатын қызмет;

3) концессиялық жоба - Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және концессиялар туралы Заңына сәйкес шектеулі уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипаттағы концессияны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

4) концессия объектісі-концессия шарты бойынша құрылатын (реконструкцияланатын) және пайдаланылатын, тізбеге енгізілген әлеуметтік инфрақұрылым мен тіршілікті қамтамасыз ету объектілері;

5) концессия шарты – концедент пен концессионер арасында жасалатын, тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, концессияны іске асыру шарттарын айқындайтын жазбаша келісім;

6) көрсетілетін қызметтер - табиғи монополиялар субъектілері жүзеге асыратын әуежайлар саласындағы реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар);

7) қолданысқа енгізілген активтер - әуежайлар саласында көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін пайдаланылатын әуежайдың негізгі құралдары мен материалдық емес активтері;

8) қызмет бағыттары - дербес, сол сияқты бір-бірімен өзара іс-қимыл жасап қызметтер көрсетуге қатысатын белгілі бір қызмет көрсету процестерінің жиынтығы;

9) мемлекеттік-жекешелік әріптестік - осы Заңда айқындалған белгілерге сәйкес келетін, мемлекеттік және жекешелік әріптестер арасындағы ынтымақтастық нысаны;

10) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы - "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шектеулі уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипатқа ие мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру жөніндегі дәйекі іс-шаралар жиынтығы;

11) мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілері - жобалануы, салынуы, құрылуы, реконструкциялануы, жаңғыртылуы және пайдаланылуы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын мүлік, мүліктік кешендер. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілеріне мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру барысында ендірілуге жататын жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) мен инновациялар да жатады;

12) мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісінің қызметтері - табиғи монополия саласында мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі көрсететін және белгілі тауарды тұтынушыға беру түрінде қызмет көрсету жағдайын қосқанда уәкілетті орган ведомствосымен мемлекеттік реттеуге жататын реттелетін қызмет;

13) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты - тараптардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асырудың өзге де шарттарын айқындайтын мемлекеттік және жекешелік әріптестер мен өзге де тараптар арасындағы жазбаша келісім;

14) тарифтің шығынды бөлігі - тарифті және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия субъектісінің қызметтер көрсетуіне байланысты шығындардың жиынтығы.

Концессиялық жобаларды ерекше маңызы бар концессиялық жобалар санатына жатқызу критерийлері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 1060 қаулысымен бекітілген Ерекше маңызы бар концессиялық жобалар тізбесімен айқындалады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын ерекше маңызы бар мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына жатқызу критерийлері " Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау мен іске асырудың

кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына сәйкес анықталады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 12717 нөмірімен тіркелген).

Осы Әдістемеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

## **2-тарау. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты бойынша көрсетілетін әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді есептеу тетігінің негізгі қағидаттары**

3. Осы Әдістемеге сәйкес табиғи монополиялар саласына жатқызылған мемлекеттік - жекешелік әріптестік шарты бойынша, соның ішінде концессия шарты бойынша көрсетілетін әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді (бұдан әрі - көрсетілген қызметтер) есептеу тетігінің негізгі қағидаттары:

1) көрсетілетін қызметтер сапасының мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген талаптарға сәйкестігі;

2) көрсетілетін қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ашықтығы;

3) табиғи монополия субъектісінің жұмыс істеуі мен дамуы үшін жеткілікті рентабельділік деңгейін және салынған қаражатты тарифпен қамтамасыз ету;

4) қызметтерге арналған тарифтерде пайданың жол берілетін деңгейін қолданыстағы активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесінің негізінде нормалау;

5) қызметтерге арналған тарифтерді есептеу кезінде пайдаланылатын өндірістік және қаржылық көрсеткіштердің шынайлығы болып табылады.

## **3-тарау. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты бойынша көрсетілетін әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді есептеу тетігі**

4. Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын және халықаралық бағыттар бойынша авиатасымалдарға қызмет көрсетуді

қоспағанда, әуе кемесінің ұшуы мен қонуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге (бұдан әрі – әуе кемесінің ұшып-қонуын қамтамасыз ету қызметі) тариф мынадай операциялар бойынша шығындарды есептеуді қамтиды:

- 1) ұшу-қону жолағын, рульдеу жолдарын, перрондарды ұсыну;
- 2) әуеайлақты ұстауды және пайдалануды қамтамасыз ету;
- 3) әуеайлақты жарықпен техникалық қамтамасыз ету;
- 4) авариялық-құтқару және өртке қарсы қамтамасыз ету;
- 5) әуежай маңында ұшу қауіпсіздігін орнитологиялық қамтамасыз ету;
- 6) әуе кемелерінің әуежайдан ұшуларының негізгі бағыттары бойынша аэронавигациялық ақпарат пен аэронавигациялық жағдайдың жедел өзгерістерін ұсыну (әуежай атқаратын жағдайларда);
- 7) келуіне диспетчерлік қызмет көрсету және әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсету (әуежай атқаратын жағдайларда);
- 8) радиотехникалық қамтамасыз ету (әуежай атқаратын жағдайларда);
- 9) метеорологиялық қамтамасыз ету (әуежай атқаратын жағдайларда);
- 10) Коммерциялық емес мақсатта Қазақстан Республикасының әуежайларына техникалық қонуды жүзеге асыра отырып Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуды жүзеге асыратын авиатасымалдауларға қызмет көрсетуді қоспағанда, жолаушылық әуе кемесіне қонғаннан кейін үш сағат және жүк пен жүкжолаушылық сертификаттаған әуе кемелеріне қону әуежайында өңдеуге (тиеуге және/немесе) түсіруге жататын жүк (почта) болу кезінде алты сағат ішінде тұрақ орнын беру.

Әуе кемесінің ұшып көтерілу және қонуын қамтамасыз ету қызметінің өлшем бірлігі ең жоғары ұшу массасының 1 тоннасы болып табылады.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

5. Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын және халықаралық бағыттар бойынша авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге (бұдан әрі – авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметі) тариф мынадай операциялар бойынша шығындарды есептеуді қамтиды:

- 1) жолаушыларды, қол жүгін, багажды, азаматтық авиация әуе кемелері экипаждарының мүшелерін тексеру;
- 2) әуежайда өткізу және объектішілік режимді қамтамасыз ету;
- 3) әуе кемесін, жүктерді, почта мен борт тамағын ұшу алдында тексеру;

4) әуежайдың заңсыз араласу актілерінің жолын кесу іс-қимылдарына күші мен құралдарының дайындығын сақтау;

5) тұрақтардағы әуе кемелерін әуе кемесіне бөгде адамдардың кіру мүмкіндігін болдырмайтын күзету;

6) әуе көлігімен тасымалдауға тыйым салынатын қару, оқ-дәрі, жарылғыш, радиоактивті, уландырғыш, тез жанатын заттарды заңсыз алып жүруге жол бермеу;

7) қару мен оқ-дәріні тасымалдау кезінде оларды әуе кемесінің жолаушылардан оқшауланған бөліктерінде бағажда оғы алынған жағдайда тасымалдауды қамтамасыз ететін ерекше сақтық шараларын енгізу;

8) авиаотын объектілерін күзету;

9) әуежай аймағындағы пайдаланушылардың авиациялық қауіпсіздік қызметтерінің қызметін үйлестіру.

Әуе кемесінің ұшу және қонуын қамтамасыз ету қызметінің өлшем бірлігі ең жоғары ұшу массасының 1 тоннасы болып табылады, алым мөлшерін айқындау кезінде әуе кемесінің ең жоғары ұшу массасы тоннада бір бүтінге дейін дөңгелектеледі: 500 килограмм дейін – аз жағына қарай, 500 килограмм – және одан жоғары көп жағына қарай.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

6. Қазақстан Республикасының әуежайларында коммерциялық емес мақсаттарда техникалық қонуды жүзеге асыра отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшып өтуді жүзеге асыратын және халықаралық бағыттар бойынша авиатасымалдарға қызмет көрсетуді қоспағанда, қонатын әуежайда өңдеуге (тиеуге және/немесе түсіруге) жататын жүктер (пошталар) болған жағдайда, жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесіне қонғаннан кейін үш сағаттан және жүк тасымалдайтын және жүк-жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінің сертификатталған түрлері үшін алты сағаттан астам тұрақ орнын беру жөніндегі қызметтерге (бұдан әрі – әуе кемесіне тұрақ орнын беру бойынша қызмет) тариф әуе кемесінің тұрақта нақты болған әрбір сағаты үшін есептеледі.

Әуе кемесіне тұрақ орнын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтің өлшем бірлігі ең жоғары ұшу массасының 1 тонна-сағаты болып табылады.

Толық емес сағат 1 сағат болып есептеледі.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

7. Халықаралық бағыттарды қоспағанда, әуе кемесіне базалық әуеайлақта тұрақ орнын беру қызметіне тариф бір тәулікке белгіленеді.

Толық емес тәулік бір тәулік болып есептеледі.

Ең жоғары ұшу салмағының 1 тоннасы-тәулігі халықаралық бағыттарды қоспағанда, әуе кемесіне базалық әуеайлақта тұрақ орнын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтің өлшем бірлігі болып табылады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.**

8. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің бірлігіне экономикалық негізделген тарифті есептеу;

1) қызмет бірлігіне тарифтің шығын бөлігінің есебінен;

2) қызмет бірлігіне тарифтің кіріс бөлігінің есебінен тұрады және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$D = T_3 + P,$$

мұндағы:

D - мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметінің (тауарының, жұмысының) бірлігіне тариф;

T<sub>3</sub> - тарифтің шығын бөлігі (мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметінің (тауарының, жұмысының) бірлігіне келетін нормативтік-нақты шығындар);

P - тарифтің кіріс бөлігі мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісінің (концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметінің (тауарының, жұмысының) бірлігіне келетін пайданың рұқсат берілетін деңгейі).

#### **4-тарау. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты бойынша көрсетілетін әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің шығын бөлігін қалыптастыру**

9. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісінің тарифіне енгізілетін шығындарды реттеу тарифтің шығын бөлігіне енгізілетін шығындардың түрлерін шектеу және мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі шығыстарының деңгейін шектеу жолымен жүзеге асырылады.

10. Шығын бөлігіне енгізілетін материалдық шығыстар өнімнің ( қызметтердің, тауарлардың, жұмыстардың) бірлігін шығаруға шикізат, материалдар, отын, энергия (бұдан әрі - материалдық ресурстар) шығысының техникалық және технологиялық нормаларына немесе (немесе) материалдық ресурстардың нормаларына және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тендерлік (конкурстық) сатып алудың нәтижесі бойынша белгіленген материалдық ресурстар бағаларына сүйене отырып айқындалады.

11. Аудиторлық, консалтингтік, маркетингтік қызметтерінің және мердігерлік тәсілмен жүргізілетін жөндеу жұмыстарының шығыстары бөгде ұйымдар жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сатып алынатын өндірістік сипаттағы басқа қызметтер тарифтің шығын бөлігіне енгізіледі.

12. Мемлекеттік меншікті уақытша иелікке және пайдалануға берген кезде мемлекеттік-жекешелік әріпестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі ағымдағы мен күрделі жөндеуге және негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталатын қаражаттар уәкілетті органмен келісілген шығындардың жылдық сметасына сүйене отырып, тарифтің шығын бөлігіне енгізіледі.

13. Концессия шартының негізінде жаңа объектілерді салу және пайдалану кезінде мемлекеттік-жекешелік әріпестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісінің есепке алу саясатында көзделген әдісті пайдалана отырып айқындалатын және негізгі құралдар құнының өсуіне алып келетін күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге бағытталатын және концессия шартын іске асыру жағдайында салынған ақшалай қаражатты қайтару көзінің бірі болып табылатын амортизациялық аударымдар және концессия объектісінің мүліктік кешеніне кіретін әлеуметтік саланың объектілерін қаржыландыруға байланысты шығыстар концессия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тариф қалыптастыру кезінде ескеріледі.

14. Кезең шығыстарында ескерілетін міндетті сақтандыру түрлеріне, салықтарға, алымдарға арналған шығыстар және бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерлемелерінде, тәртіпке және ақы төлеу шарттарына сәйкес айқындалады.

15. Мемлекеттік-жекешелік әріпестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісіне мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін субсидия тарифтің шығын бөлігінде ескерілмеген шығыстарға бағытталған субсидияларды қоспағанда, тарифтің шығын бөлігін азайтуға ескеріледі.

16. Кезең шығыстарында заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген мемлекеттік-жекешелік әріпестік субъектісі, оның ішінде концессия

субъектісінің концессиялық жобасын іске асыруға арналған қарыз қаражаты үшін сыйақыны төлеу шығыстары ескеріледі.

Мемлекеттік-жекешелік әріпестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін ұлттық валютада алынған қарыз қаражаттары бойынша сыйақыны төлеу шығыстары тарифті есептеу кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 2,5 еселік ресми мөлшерлемесін қолдана отырып есептелген соманың шегінде ескеріледі.

Мемлекеттік-жекешелік әріпестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін шетелдік валютада алынған қарыз қаражаттары бойынша сыйақыны төлеу шығыстары тарифті (бағаны, алым ставкасын) есептеу кезінде Лондон банкаралық нарықтың 4 еселік мөлшерлемесін қолдана отырып есептелген соманың шегінде ескеріледі.

Шетелдік валютада алынған қарыз қаражаттары үшін сыйақы тарифтің шығын бөлігінің кезең шығыстарында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орташа мерзімді жоспарының негізгі көрсеткіштерінің және Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің болжамдық көрсеткіштерінің негізінде шетелдік валютаға теңге бағамының болжанып отырған өзгерісін ескере отырып ескеріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі және Лондон банкаралық нарығының мөлшерлемесі мемлекеттік-жекешелік әріпестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісі тарифті және тарифтік сметаларды бекітуге өтінімді берген күніне қолданылады.

17. Мемлекеттік-жекешелік әріпестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісінің тарифтері мен тарифтік сметаларын қалыптастыру және бекіту кезінде мынадай шығыстар ескерілмейді:

нормативтен тыс техникалық және коммерциялық ысыраптар, қоймалардағы тауар - материалдық құндылықтар мен запастардың бүлінуі мен жетіспеушілігі, басқа өнімді емес шығыстар мен ысыраптар;

реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылмайтын негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары:

реттеліп көрсетілетін қызметтерді өндіру және (немесе) ұсыну кезінде технологиялық процесте пайдаланылатын, сенімгерлікпен басқаруға, мүліктік жалдауға, лизинг бойынша алынған негізгі құралдарды пайдаланғаны үшін жалдау төлемақысы;

ластандырушы заттардың нормативтен тыс шығарындылары (тастандылары) үшін төлемдер;

сот шығындары;

үмітсіз борыштар;

шаруашылық шарттарды бұзғаны үшін айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы және санкциялардың басқа да түрлері, сондай-ақ кірісті жасырғаны (төмендеткені) үшін айыппұлдар мен өсімдер;

ұрлаудан болған залалдар;

ақаудан болған ысыраптар;

мемлекеттік-жекешелік әріпестік шарты, оның ішінде концессия шартында көзделгеннен басқа, әлеуметтік саланың объектілерін ұстау (технологиялық қажетті, сауықтыру лагерьлерді, мәдениет пен спорт, тұрғын үй қорының объектілерінен басқа, денсаулық сақтау, мектепке дейінгі балалар мекемелері, кәсіптік-техникалық училище);

мәдени-ағарту, сауықтыру және спорт іс-шараларын (демалыс кештерін өткізу, спектакльдерді, концерттерді қою) өткізу;

кәсіпорындардың қызметкерлеріне тұрғын үйді жақсартуға, бау-бақша үйлерді және үй шаруашылығын жинауға берілген несиелерді (пайызсыздарды қоса алғанда) өтеу;

бау-бақша әріпестіктерін абаттандыру (оның ішінде жолдардың құрылысы, энергиямен және сумен жабдықтау, жалпы сипаттағы басқа да шығыстарды жүзеге асыру);

ғылым мен өнер қайраткерлерімен дәрістер, көрмелер, диспуттар, кездесулер, ғылыми-техникалық конференциялар өткізу мен ұйымдастыру, қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтарға мүшелік жарналар;

бұралық ақпарат құралдарындағы жарнамалар, өндірістік мақсатта пайдаланылатын өнімді қоспағанда, жарнамалық, плакат пен баспа өнімдерін шығару;

мемлекеттік-жекешелік әріпестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісінің персоналы үшін пәтерлер, тұрғын ғимараттар мен құрылыстар, жатақханаларда және қонақ үйлерінде орындар сатып алу, жалдау және ұстау;

қаланы абаттандыру жұмыстарын атқару, ауыл шаруашылығына көмек көрсету және осыған ұқсас басқа да жұмыстар;

білім беру ұйымдарында оқитын қызметкерлердің демалыстарына ақы төлеу;

қызметкерлердің және олардың балаларының емделуге, демалуға, экскурсияға жолдамаларына концессия субъектісі қаражаттарының есебінен кәсіптік ауруларды оңалтуға байланысты шығындарды қоспағанда, ақы төлеу;

өз қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетуге денсаулық сақтау органдарымен жасалған шарттар бойынша емханалардың қызметтеріне ақы төлеу;

сақтандыру төлемдері (кәсіпорындар өз қызметкерлерінің пайдасына жасаған жеке және мүліктік сақтандыру шарттары бойынша кәсіпорындар төлейтін жарналар);

қызметкерлерге қосымша берілген демалыстарға (заңнамада көзделгеннен тыс) ақы төлеу, қызметкердің отбасы мүшелерінің демалысты пайдалану орнына және кері жүруіне ақы төлеу, сондай-ақ пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақы ;

демеушілік көмектің барлық түрлерін көрсету;

мемлекеттік-жекешелік әріпестік субъектісі, концессия қызметкерлеріне заңнамада көзделгеннен басқа жеңілдіктер (қызметкерлерге тамақтануды тегін немесе төмендетілген бағамен беру, сауықтыру топтарына абонементтерге, секцияларда, клубтарда шұғылдануға ақы төлеу, протездеу);

мектепке дейінгі мекемелердегі, санаторийлердегі және сауықтыру лагерлердегі балаларды тамақтандыру құнын өтеу;

ұжымдық шартта айқындалған мақсаттарға кәсіподақтарға аударымдар;

өндірісті өнертабушылыққа және ұтымды етуге байланысты: тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстарды жүргізу, өнертабушылық және жұмысты ұтымды ету ұсыныстары бойынша модельдер мен үлгілерді жасау және сынау (реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсетуде қолданылатын және экономикалық тиімділігі бар жұмыстарды қоспағанда), өнертабушылық және жұмысты ұтымды ету бойынша көрмелерді, байқауларды, конкурстарды және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру, авторлық сыйақыларды төлеу;

қызмет көрсетуге тікелей қатысы жоқ, сондай-ақ негіздеуші материалдармен ( шарттар, шот-фактуралар, қаржылық және басқа да құжаттар) расталмаған және тарифтердің өсуіне алып келетін басқа да шығыс түрлері,

18. Тарифтің шығын бөлігін қалыптастыру мынадай кезеңдерден тұрады:

1) әуежайдың шығындарын тұтастай кәсіпорын бойынша және барлық құрылымдық бөлімшелер бөлінісінде мемлекеттік-жекешелік әріпестік шартының негізінде мемлекеттік-жекешелік әріпестікке берілген объектілерде, оның ішінде концессия шартының негізінде концессияға берілген объектілерде жүзеге асырылатын қызметке байланысты шығындарды бөле отырып айқындау;

2) әуежайдың көмекші қызметтерінің шығындарын бөлу;

3) кезең шығыстарын бөлу;

4) тарифтің шығын бөлігін мемлекеттік-жекешелік әріпестік шартының негізінде мемлекеттік-жекешелік әріпестікке берілген объектілерде, концессия шартының негізінде концессияға берілген объектілерде жүзеге асырылатын қызметке байланысты шығындарды жабуды қамтамасыз ететін тарифтің құрамдасын көрсете отырып айқындау;

19. Бірінші кезеңде әуежайдың әрбір құрылымдық бөлімшесінің өндірістік шығындары айқындалады. Өндірістік шығыстар өндірістік штатты ұстау шығыстарынан, еңбекке ақы төлеу қорының аударымдарынан, материалдар

шығыстарынан, негізгі өндірістік қорларға жөндеу жүргізу шығыстарынан, арнаулы автокөлік техникасын ұстау және қызмет көрсету шығыстарынан, амортизация шығыстарынан, негізгі өндірістік қорларды ұстау мен пайдалану шығыстарынан, мемлекеттік-жекешелік әріпестікке берілген объектілерде, оның ішінде, концессия шартының негізінде концессияға берілген объектілерде жүзеге асырылатын қызметке байланысты шығындарды бөле отырып материалдар, энергия және отын шығындарынан тұрады.

20. Мемлекеттік-жекешелік әріпестік субъектісі, оның ішінде концессия субъектісінің көрсетілетін қызметтеріне тарифтерді қалыптастырудың екінші кезеңінде әуежайдың көмекші қызметтерінің шығыстарын бөлу жүргізіледі. Соңғы өнімді шығармайтын құрылымдық бөлімшелердің өндірістік шығындарын соңғы өнім шығаратын бөлімшелерге көмекші қызметтер тұтынған қызметтердің санына тепе-тең қайта бөлінеді.

Көмекші қызметтердің шығындарын қайта бөлу көзі әуежайдың көмекші қызметінің басшысы көрсетілген қызметтер туралы әрбір құрылымдық бөлімшеге қалыптастырған есептеу үшін базаға алынған кезең ішіндегі ай сайынғы ақпарат болады.

Көрсетілген ақпарат әрбір құрылымдық бөлімшеге орнатылған есептеу аспаптарынан алынған көрсеткіштердің негізінде толтырылады және көмекші қызметтердің шығыстарын бөлу үшін бастапқы құжат болып табылады.

21. Көмекші қызметтердің ішкі көрсететін қызметтерінің шығыстарын бөлу:

1) жанар-жағар май материалдарымен қамтамасыз ету қызметі, қызмет жұмысының бағыттары:

әуе кемелерін авиациялық жанар-жағар май материалдарымен (бұдан әрі - ЖЖМ) және арнайы сұйықтықтармен қамтамасыз ету әуежайдың сыртқы тұтынушылары көрсететін қызмет болып табылады;

әуежайды автомобильдік жанар-жағар май материалдарымен (бұдан әрі - авто ЖЖМ) қамтамасыз ету әуежайдың ішкі қызметі көрсететін ішкі қызмет болып табылады.

Әуежайды авто ЖЖМ-мен қамтамасыз ету қызметінің бағыты бойынша шығыстар авто ЖЖМ-ды жеткізуге, сақтауға және сатып алуға арналған шығындарды, авто ЖЖМ-мен әуежайдың қызметтерін қамтамасыз етуге тікелей байланысты өндірістік штаттың жалақысын, еңбекке ақы төлеу қорының аударымдарын, авто ЖЖМ-ды сақтау және бөлу үшін қажетті негізгі өндірістік қорлардың материалдық шығындарын, амортизациялық аударымдарын өзіне қамтиды.

Қызметтің көрсетілген бағыттардың арасында бөлінбеген шығыстары үстеме шығыстар ретінде құрылады және қызмет бағыттарының арасында қызмет бағыттары бойынша қалыптасқан тікелей шығындарға тепе-тең бөлінеді.

Әуежайды авто ЖЖМ-мен қамтамасыз ету қызметінің бағыты бойынша шығыстар әуежай қызметтерінің арасында әрбір құрылымдық бөлімше тұтынатын авто ЖЖМ-ның мөлшеріне тепе-тең бөлінеді.

Авто ЖЖМ-ның жұмсалуды туралы ақпараттың толықтығы мен шынайлығы үшін жанар-жағар май материалдары қызметінің басшысы әуежайдың құрылымдық бөлімшелерінің бөлінісінде авто ЖЖМ-ды тұтынудың есебін жүргізеді, ол көрсетілген бағыт бойынша қалыптасқан шығыстарды әуежай қызметтерінің арасында қайта бөлу есебін сапалы жүргізуге мүмкіндік береді;

2) Жылу техникалық және сантехникалық қамтамасыз ету қызметі (бұдан әрі - ЖжСТҚ), қызмет бағыттары:

әуежайды сумен және кәрізбен қамтамасыз ету;

әуежайды жылумен қамтамасыз ету.

Әуежайды сумен және кәрізбен қамтамасыз ету қызмет бағыты бойынша шығыстар әуежайдың қызметтерін сумен және кәрізбен қамтамасыз ету тікелей байланысты қызметтің өндірістік персоналының еңбегіне ақы төлеу шығындарынан, еңбекке ақы төлеу қорының аударымдарынан, материалдық шығындардан, әуежайды сумен және кәрізбен қамтамасыз етуге тікелей байланысты қызметтің негізгі өндірістік қорларының амортизациялық аударымдарынан тұрады.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар судың тұтынылған көлеміне тепе-тең бөлінеді.

Әуежайдың жылумен жабдықтау қызметінің бағыты бойынша шығыстар әуежайды жылумен жабдықтауға қамтамасыз етуге тікелей байланысты өндірістік персоналдың еңбек ақысына жұмсалған шығыстарды, еңбек ақы қорынан аударымдарды, материалдық шығындарды, әуежайдың жылумен қамтамасыз ету процесіне тікелей қатысушы негізгі өндірістік қорлардың амортизациялық аударымдарын қамтиды.

Көрсетілген бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар жылытылатын алаңына тепе-тең бөлінеді.

Көрсетілген қызмет бағыттарының арасындағы ЖжСТҚ қызметінің бөлінбеген шығыстары қосымша шығыстар ретінде жинақталады және қызмет бағыттарының арасында қызмет бағыттары бойынша қалыптасқан тікелей шығындарға тепе-тең бөлінеді.

ЖжСТҚ қызметі басшысының тұтынылған судың және кәріздік сарқынды сулардың, жылудың саны туралы ақпараты шығыстарды бөлу жөнінде есеп айырысу үшін негіз болып табылады;

3) Ұшуларды энергия-жарық беру техникалық қызметпен қамтамасыз ету (ҰЭЖТҚ) қызметтерінің бағыты:

ұшу-қону жолақтарын энергия-жарық беру техникалық қызметпен қамтамасыз ету;

әуежайды энергетикалық қамтамасыз ету.

Әуежайды энергетикалық қамтамасыз ету қызметінің бағыты бойынша шығыстар әуежай қызметін қамтамасыз етуге тікелей байланысты өндірістік персоналдың еңбекақысына жұмсалған шығыстардан, әуежайды электр энергиясымен амортизациямен және өзге де шығыстармен қамтамасыз етуге тікелей байланысты еңбек ақы қорынан аударымдардан, материалдық шығындардан құралады. Шығыстар тұтынылған электр энергиясы санының көлеміне тепе-тең бөлінеді. Шынайы ақпараттың көзі қызмет басшысының ай сайынғы есебі болып табылады.

Көрсетілген бағыттардың арасындағы бөлінбеген шығыстары қосымша шығыстар ретінде жинақталады және қызмет бағыттары бойынша қалыптасқан тікелей шығындар қызмет бағыттарының арасында тепе-тең бөлінеді;

4) Арнаулы автокөлік қызметінің шығыстары (бұдан әрі - АКҚ) мынадай қызмет бағыттары бойынша бөлінеді:

әуежайлық қызметтің көліктік сүйемелдеуі. Қызметі ұшу-қону жолақтарын, жерде жүру жолдары мен перрондарды ұстаумен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстарды қамтиды. Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемінде әуеайлақтық қызметке жатады;

авариялық-құтқару және өртке қарсы қамтамасыз етуді (бұдан әрі - СПАСОП) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі авариялық-құтқару жұмыстарымен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстарды қамтиды.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемінде СПАСОП қызметіне бөлінеді;

5) әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсетуді (бұдан әрі - ӘДҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі әуеайлақтық диспетчерлік қызметпен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстарды қамтиды.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемінде ӘДҚ қызметіне бөлінеді;

6) жолаушыларға қызмет көрсету қызметін (бұдан әрі - ЖҚҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі жолаушыларды әуе кемесінің бортына (нан) жеткізуге тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстары.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемінде ЖҚҚ қызметіне бөлінеді;

7) жүктерге, почтаға қызмет көрсету қызметін (бұдан әрі - ЖПКҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі жүктерді, қол жүктерін ӘК бортына (нан) жеткізуге тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемінде ЖПКҚ қызметіне бөлінеді;

8) жанар-жағар материалдармен қамтамасыз ету жөніндегі қызметті көліктік ( бұдан әрі - ЖЖМҚ) сүйемелдеу.

Қызметі әуе кемесін авиа ЖЖМ және басқа сұйықтықтар құюға тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемінде авиа ЖЖМ-мен қамтамасыз ету ЖЖМҚ қызметінің бағытына бөлінеді.

Қызметі авто ЖЖМ жеткізу мен бөлуге тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар толық көлемінде авто ЖЖМ-мен қамтамасыз етудің ЖЖМҚ қызметінің бағытына бөлінеді;

9) авиациялық қауіпсіздік қызметін (бұдан әрі - АҚҚ) көліктік сүйемелдеу.

Қызметі әуежай аумағын патрульдеуге тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстары толық көлемінде АҚҚ қызметіне бөлінеді;

10) ҰЭЖТҚ қызметін көліктік сүйемелдеу.

Қызметі ҰЭЖТҚ қызметінің өндірістік қызметімен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемінде ҰЭЖТҚ қызметіне бөлінеді;

11) ЖжСТҚ қызметін көліктік сүйемелдеу.

Қызметі ЖжСТҚ қызметінің өндірістік қызметімен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемінде ЖжСТҚ қызметіне бөлінеді;

12) инженерлік-авиациялық қызметті (бұдан әрі - ИАҚ,) көліктік сүйемелдеу;

Қызметі ИАҚ қызметінің өндірістік қызметімен тікелей байланысты автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемінде ИАҚ қызметіне бөлінеді;

13) әкімшілік-басқару персоналын көліктік сүйемелдеу.

Әкімшіліктің автокөлігін пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар.

Осы бағыт бойынша қалыптасқан шығыстар толық көлемінде әкімшілік шығыстарға жатады;

14) жалпы пайдаланудағы көліктер.

Жалпы мақсаттағы автокөлікті пайдалану және ұстау жөніндегі шығыстар. Осы бағыт бойынша шығыстар қызмет көрсетулердің тікелей шығындарына тепе-тең бөлінеді.

Арнайы автокөліктік қызмет көрсетудің көрсетілген бағыттар арасында бөлінбеген шығыстары қосымша шығыстар ретінде жинақталады және қызмет бағыттары бойынша қалыптасқан қызмет бағыттарының арасында тікелей шығындарға тепе-тең бөлінеді.

23. Қызметтерге арналған тарифтердің шығын бөлігін қалыптастырудың үшінші кезеңінде табиғи монополия субъектінің кезең шығыстары бөлінеді.

Кезең шығыстары мынадай көрсеткіштер бойынша тепе-тең бөлінеді:

жалпы шаруашылық шығыстар - табиғи монополия субъектісі көрсететін қызметтердің әрбір түрі бойынша өндірістік шығындарға тепе-тең;

салықтар мен алымдар (негізгі құралдарға байланысты) табиғи монополия субъектісі көрсететін қызметтердің әрбір түріне жатқызылатын активтердің қалдық құнына тепе-тең;

банктерге сыйақы төлеуге жұмсалған шығыстар - көрсеткені үшін кредит алған қызметтерге ақша қаражаттарының қатысу дәрежесі бойынша бөлінеді.

24. Тарифтің шығын бөлігі төртінші кезеңде анықталады.

Әуеайлақтық қызмет көрсету шығыстары қызметтің екі бағытының арасында - ұшу-қону жолақтарын ұстауға және әуе кемелеріне арналған тұрақтар аландарын ұстауға - тепе-тең бөлінеді.

Әуе кемесінің ұшуын-қонуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге арналған тарифтің шығын бөлігі осы қызметті көрсетуге жұмсалған шығындарды қызметтің нақты көлеміне бөлу арқылы айқындалады. Осы қызметті көрсету жөніндегі шығындар - бұл мынадай шығыстардың сомасы:

негізгі құрылымдық бөлімшелер - әуеайлықтық қызмет көрсету қызмет бағыты ұшу-қону жолақтарын ұстау, СПАСОП, ӘДҚ, ҰЭЖТҚ қызмет көрсету қызметінің бағыты ұшу-қону жолақтарын жарық техникалық қамтамасыз ету;

көрсетілген негізгі қызметтерге бөлінген көмекші қызметтер шығыстары;

осы қызметке жатқызылған кезең шығыстары. Авиациялық қамтамасыз ету қызметіне арналған тарифтің шығын бөлігі - осы қызметті көрсетуге жұмсалған шығындарды қызметтің нақты көлеміне бөлу арқылы айқындалады. Осы қызметті көрсету жөніндегі шығындар - бұл шығыс сомалары:

негізгі құрылымдық бөлімшелер АҚҚ, ДҚ;

аталған негізгі қызметтерге бөлінген көмекші қызметтердің шығыстары;

осы қызметке жатқызылған кезең шығыстары.

Әуе кемесіне тұрақ орнын беру және базалық әуеайлақта әуе кемесіне тұрақ орнын беру жөніндегі қызмет бойынша шығынды бөлігін айқындау:

Әуеайлақта әуе кемесіне жолаушылар ұшағы үшін қонғаннан кейін 3 сағаттың ішінде және әуежайға қонғанда өңдеуге (тиеуге және/немесе түсіруге) жататын жүктері (почталары) болған жағдайда әуе кемелерінің жүк және жүкжолаушылар тиелген сертификатталған түрлері үшін 6 сағат тұрақ орнын беру жөніндегі және базалық әуеайлақта әуе кемесіне тұрақ орын беру жөніндегі қызметтер бойынша шығыс бөлігін анықтау:

аталған негізгі қызмет көрсетулерге бөлінген көмекші қызмет көрсетулердің шығыстары;

осы қызметтерге жатқызылатын кезең шығыстары. Тарифтің шығыс бөлігі мемлекеттік-жекешелік әріпестік шарты негізінде мемлекеттік-жекешелік әріпестікке берілген объектілерде, оның ішінде концессия шартының негізінде концессияға берілген объектілерде жүзеге асырылып отырған қызметке байланысты, шығыстарды жабуды қамтамасыз ететін құрастырушы тарифті көрсете отырып есептелуге тиіс.

**5-тарау. Табиғи монополиялар саласына жатқызылған мемлекеттік-жекешелік әріпестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты бойынша көрсетілетін әуежайлардың көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің кіріс бөлігін қалыптастыру**

25. Қолда бар және құрылып жатқан негізгі құралдар табиғи монополиялар Заңы 7-бабының 17-тармақшасына сәйкес әзірленген Табиғи монополиялар субъектісінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алу әдістемесіне сәйкес қызметтерге (оның ішінде реттелмеген) бөлінеді.

26. Бірлікке арналған тарифінің і-кіріс бөлігі мына формула бойынша белгіленеді:

$$P_i = P1_i + P2_i$$

мұндағы,

$P1_i$  -  $i$  реттеліп көрсетілетін қызметке жатқызылған қолда бар негізгі құралдарға арналған қолданысқа енгізілетін активтердің реттелетін базаларының негізінде есептелетін тарифтің кіріс бөлігін құрайтын реттелетін қызмет,

$P2_i$  - реттеліп көрсетілетін қызметке жатқызылған, жаңа (құрылып жатқан) негізгі құралдарға жататын кіріс бөлігін құрайтын реттелетін қызмет (тауар, жұмыс).

27. Әуежайлар қызметтерінің і-реттеліп көрсетілетін қызметіне жатқызылған, қолда бар негізгі құралдарға арналған қолданысқа енгізілетін активтердің реттелетін базаларының негізінде есептелетін тарифтің кіріс бөлігін құрайтын есеп мына формула бойынша белгіленеді:

$$P_{i1} = A_i * СП,$$

мұндағы,

$P_{i1}$  - і-й реттеліп көрсетілетін қызметке жатқызылған, қолда бар негізгі құралдарға арналған қолданысқа енгізілетін активтердің реттелетін базаларының негізінде есептелетін тарифтің кіріс бөлігі,

$A_i$  - қызметтерден і-й қызметін көрсетуде қолданысқа енгізілетін қолда бар активтердің реттелетін базасы (теңге),

СП - пайда мөлшерлемесі (%).

Әуежайдың реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша қолданысқа енгізілетін қолда бар активтердің реттелетін базасы  $i$  - қызметін көрсетуде қолданысқа енгізілетін активтердің қолданысқа енгізілгендігінің коэффициентіне активтердің нақты құнын шығару ретінде мынадай формула бойынша анықталады:

$$A_i = CA_i * K_{за},$$

мұндағы,

$CA_i$  - і-й қолданысқа енгізілетін, қолда бар активтердің нақты құны, (теңге),

$K_{за}$  - қолда бар активтердің қолданысқа енгізілген коэффициенті.

Қолда бар активтердің қолданысқа енгізілген коэффициенті әуежайдың қолда бар негізгі құралдарымен көрсетілетін қызметтерінің нақты көлемінің (алдыңғы төрт тоқсан үшін немесе алдыңғы күнтізбелік күн үшін) олардың өндірістік қуатына арақатынасы ретінде айқындалады.

Қолда бар активтердің нақты құны негізгі құралдардың және конкурстық негізде таңдалған бағалаушыларға қарамастан оларды қайта бағалаудың нәтижесінде алынған, қызметтерді өндіру және ұсыну кезінде пайдаланылатын табиғи монополия субъектісінің материалдық емес активтерінің қалдық құнының негізінде айқындалады.

28. Әуежайлар саласындағы табиғи монополия субъектілері үшін пайда мөлшерлемесі капиталдың орташа өлшенген құны әдістемесінің көмегімен есептеледі және мынадай формула бойынша айқындалады:

$$СП (СВСК) = ((1-g) \times re) + (g \times rd),$$

мұндағы,

$g$  - қаржыландырудың жалпы құрылымындағы табиғи монополия субъектісінің борыштық және еркін капиталының арақатынасын сипаттайтын леверидж, шама, яғни қолда бар негізгі құралдарды жүргізілген соңғы қайта бағалауды ескере отырып, барлық капиталдың құрылымындағы нақты борыштық құралдардың үлесі (меншік және борыштық капиталдың сомасы). Леверидж деңгейі кем дегенде нөл шамасы болып табылады. Субъектінің меншік капиталының кері мәні кезінде, леверидж деңгейі 1 тең шама үшін қабылданады;

$r_e$  - меншік капиталына арналған сыйақы мөлшерлемесі (%);

$r_d$  - қарыз қаражаттарына арналған сыйақы мөлшерлемесі (%).

Қарыз қаражаттарына арналған сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша белгіленеді:

$$r_d = r_f + \text{ДП},$$

мұндағы,

мұндағы  $r_f$  - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесінің деңгейіне тең қабылданатын тәуекелсіз мөлшерлемесі.

ДП - егер борыштық міндеттемелерді шығару орын алса, борыштық міндеттемелерге арналған сыйақының негізінде анықталған, мемлекеттік бағалы қағаздарға қатысты оларға шығарылған және айналымның сол бір мерзімінде айналымда жатқан табиғи монополия субъектісі бойынша тәуекелге арналған борыштық сыйақы. Өзге де жағдайда, ол қызметтің осыған ұқсас түрімен айналысатын және Қазақстан Республикасының аумағында осыған ұқсас кредиттік рейтингі бар басқа табиғи монополиялар субъектілерінің тәуекеліне арналған борыштық сыйақыларды ескере отырып, айқындалады.

Меншік капиталына арналған сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша белгіленеді:

$$r_e = r_f + r_a,$$

мұндағы,

$r_a$  - тәуекел үшін сыйақы. Тәуекелге арналған сыйақы өндірістік-технологиялық ( $r_{\text{mex}}$ ), операциялық ( $r_{\text{op}}$ ) және қаржылық ( $r_{\text{fin}}$ ) тәуекелдерден тұрады.

Әуежайдың өндірістік құзыреттілігіне байланысты емес себептер бойынша технологиялық авариялардан болған табыстың шығынын жабуға арналған өндірістік-технологиялық ( $r_{\text{mex}}$ ) тәуекел негізгі құралдар мен тауар-материалдық қорлардың көзделген табыстың шығынын алып келуі мүмкін тәуекелдер саласына ұшырағандық дәрежесін көрсетеді. Осы көрсеткішті есептеу тиісті шығындары мен меншік капиталының шамасы бойынша, тиісті кезең ішіндегі ақпараттың негізінде жүргізіледі, уәкілетті орган белгіленген мынадай формула бойынша айқындалады:

$$r_{\text{mex}} = Z_a / C_e,$$

мұндағы,

Za - бір жыл ішінде орта есеппен авариялар мен зілзала салдарларын жоюға арналған шығындар.

Авариялардың саны бойынша деректер болмаған авариялардың болу ықтималдығын анықтау мүмкін болмаған кезде негізгі құралдардың тозу дәрежесі бойынша технологиялық тәуекелді бағалау үшін амортизациялық аударымдардың үлестеріне қарай шкаланы пайдалану ұсынылады:

Негізгі құралдардың тозу дәрежесіне қарай технологиялық тәуекелді айқындау шәкілі Әдістеменің қосымшасында көрсетілген.

(гор) Жұмыстардың көлемін төмендетуден алынған табыстың шығынын жабуға арналған операциялық тәуекелдер (жұмыстардың көлемдері ұлғайған жағдайда осы тәуекел қолданылмайды) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{гор} = 0.5 * (V - Z_{\text{пер}}) / C_e * \Delta V / V,$$

мұндағы,

V - есепті кезең ішіндегі осы көрсетілетін қызметтерден алынған пайда (табыс),

Z<sub>пер</sub> - есепті кезең ішіндегі ауыспалы (қызметтердің көлеміне қарай) шығындар немесе і-й көрсетілетін қызметіне болжамдалған мән,

C<sub>e</sub> - қызметке жатқызылған негізгі құралдардың баланстық құны,

DV - болжамдалған жыл ішінде і-қызметінен алынған табыстың өзгеруі.

Операциялық тәуекелдің мәні тәуекел түрлерінің көпшілігі үшін қабылданғанындай, 0-ден 5% дейінгі шектерде шектелген.

Ұйымның қаржылық ресурстарының ысыраптар мүмкіндігіне байланысты қаржылық тәуекел (r<sub>fin</sub>), мынадай формула бойынша айқындалады:

$$r_{\text{fin}} = \text{р баз} * (1 - H) * D_{\text{ip}} / C_e,$$

мұндағы,

р баз - кәсіпорынның есепті жыл ішіндегі жалпы табысы,

H - пайдаға салынатын салық мөлшерлемеі,

$\Delta | \pi$

- қызмет табысының құлау деңгейі,

$$D_{\text{ip}} = 0.5 * DV / V * (V - Z_{\text{пер}}) \text{р баз},$$

Қаржылық тәуекелдің мәні тәуекел түрлерінің көпшілігі үшін қабылданғанындай, 0-ден 5% дейінгі шектерде шектелген.

Жарғылық капиталға арналған сыйақының құны қарыз қаражатына арналған сыйақы құнынан кем емес шама болып табылады.

29. *i*-й реттеліп көрсетілетін қызметке арналған концессия шартының негізінде концессияға беріліп отырған, жаңа негізгі құралдарға жатқызылатын құрастырылған тарифтің табыс бөлігінің есебі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$P2_i = [IE_i + IC_i (1 + N) - t Z_{ai}] / t \cdot V_{cpi},$$

мұндағы,

$IE_i$  - Ерекше тәртіптің талаптарына сәйкес *i*-й қызметі үшін жобаның өтелімділігі кезеңі үшін инвестициялар тарту жөніндегі шығындар (консалтингтік қызметтер, жобаны қаржылық институттар және т.б. сараптауы);

$IC_i$  - *i*-й қызметіне жатқызылатын, концессиялық жобаны іске асыруға бағытталған капиталдық салымдардың сомасы, бұл ретте концессияның жаңадан құрылған объектілерін пайдалануға, негізгі құралдардың пайдаланылу мерзімін ұзарту үшін объектілерді жаңғырту жөнінде қосымша капитал салымдарын енгізу жөніндегі концессиялық жобаның бастапқы құнының сомасы ретінде болуы мүмкін;

$N$  - қолданысқа енгізілген активтер базасының негізінде есептелген инвестициялардың тиімділік нормасы - мәні тәуекелсіз мөлшерлемесінің деңгейінен төмен болмауға тиісті уәкілетті органмен келісілген мөлшерлемесі;

$Z_{ai}$  - *i*-й қызметіне жатқызылған, жаңа (қалыптасып жатқан) негізгі құралдардың орташа жылдық амортизациялық аударымдарының туражелілік (бірдей) әдісі бойынша есептелетін, инвестициялық тарифтің қолданылу мерзіміне арналған;

$t$  - мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты бойынша қолданылу мерзімі;

$V_{cpi}$  - *i*-й қызметінің орташа жылдық көлемі.

30. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты бойынша, оның ішінде концессия шарты қолданылу мерзімінің ішінде қызметтердің нақты көлемдерінің және тарифтің қолданылу мерзімінің жартысы аяқталысымен болжанып отырғаннан жұмсалатын нақты шығыстарды қабылдамау кезінде тарифтің көлемінің өзгеруі.

Сондай-ақ тарифтің көлемінің өзгеруі Қазақстан Республикасының салық заңнамасы өзгерген жағдайда жүргізіледі.

Табиғи монополиялар саласына  
жатқызылған мемлекеттік-  
жекешелік әріптестік шарты  
бойынша, оның ішінде  
концессия шарты бойынша

әуежайлардың көрсетілетін  
қызметтеріне тарифтерді  
(бағалар, алымдар  
мәшерлемелерін) есептеудің  
кемсітпейтін әдістемесіне  
қосымша

Ескерту. Қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышы жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 24.07.2018 № 532 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) бұйрығымен.

### Негізгі құралдардың тозу дәрежесін айқындау шәкілі

	Тозу дәрежесі %			
	30% дейін	30 - 40%	40 - 50%	50% жоғары
Өндірістік-технологиялық тәуекелдің мәні ( $r_{\text{тех}}$ )	0,3	0,5	0,75	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК